

ISSN: 1814 - 6961

E-ISSN: 2788-9718

ОТАН ТАРИХЫ

ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛ

Үш айда бір рет шығатын ғылыми журнал
2021, № 2 (94)

2 /2021

Бас редактор

Қабылдинов Зиябек Ермұханұлы

Редакциялық алқа

Абдырахманов Толобек Абылович – тарих ғылымдарының докторы, профессор, И. Арабаев атындағы Қырғыз Мемлекеттік университетінің ректоры (Қырғызстан).

Аяған Бүркітбай Ғелманұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Мемлекет тарихы институты директорының орынбасары (Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан).

Әбусейітова Меруерт Қуатқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі. Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының тарихи материалдарды зерттеу жөніндегі республикалық орталығының директоры, ЮНЕСКО-ның «Ғылым және руханият» кафедрасының меңгерушісі (Алматы қ., Қазақстан).

Әбіл Еркін Аманжолұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Мемлекет тарихы институтының директоры (Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан).

Әжіғали Серік Ескендірұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Шығыс елдері архитектурасы Халықаралық академиясының корр.-мүшесі, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас ғылыми қызметкері (Алматы қ., Қазақстан).

Әлімбай Нұрсан – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік музейінің директоры (Алматы қ., Қазақстан).

Жұмағұлов Қалқаман Тұрсынұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, «Дүниежүзі тарихын зерттеу орталығының» директоры, Геттинген университетінің (Германия) құрметті профессоры (Алматы қ., Қазақстан).

Смағұлов Оразақ Смағұлұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Италияның Болонья Ғылым Академиясының мүше корреспонденті, ҚР Ұлттық музейінің физикалық антропология лабораториясының меңгерушісі (Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан).

Кудряченко Андрей Иванович – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Украина Ұлттық ғылым академиясының Дүниежүзі тарихы институтының директоры (Украина).

Көмеков Болат Ешмұхамедұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Қыпшақтану Халықаралық институтының директоры, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразиялық Ұлттық университетінің профессоры (Алматы қ., Қазақстан).

Любичанковский Сергей Валентинович – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Орынбор Мемлекеттік Педагогикалық университетінің Ресей тарихы кафедрасының меңгерушісі (РФ)

Мұхтар Әбілсейіт Қапизұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, «Сарайшық» Мемлекеттік тарихи-мәдени қорығының директоры, (Атырау қ., Қазақстан).

Петер Финке (Dr. Peter Finke) – PhD, Макс Планк атындағы Институт, Цюрих университеті (Швейцария)

Сыдықов Ерлан Бәтташұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ректоры (Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан).

Уяма Томохико – PhD, Хоккайдо университетінің Славян-Еуразиялық зерттеулер орталығының профессоры (Жапония).

Жауапты редактор

Құдайбергенова Айжамал Ибрагимқызы

Ғылыми редактор

Қозыбаева Махаббат Мәлікқызы

Жауапты хатшы

Мурзаходжаев Қуаныш Мәдиұлы

Техникалық хатшы

Зикирбаева Венера Серікқызы

Главный редактор
Кабульдинов Зиябек Ермуханович

Редакционная коллегия

Абдырахманов Толобек Абылович – доктор исторических наук, профессор, ректор Кыргызского государственного университета имени И. Арабаева (Кыргызстан)

Абусеитова Меруерт Хуатовна – доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Республиканского центра по изучению исторических материалов Института востоковедения имени Р.Б. Сулейменова, заведующая кафедрой ЮНЕСКО «Наука и духовность» (г. Алматы, Казахстан)

Алимбай Нурсан – кандидат исторических наук, профессор, директор Центрального государственного музея Республики Казахстан (г. Алматы, Казахстан).

Абиль Еркин Аманжолович – доктор исторических наук, профессор, директор Института истории государства (г. Нур-Султан, Казахстан)

Аяган Буркитбай Гелманович – доктор исторических наук, профессор, заместитель директора Института истории государства, (г. Нур-Султан, Казахстан)

Ажигали Серик Ескендинович – доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. Международной академии архитектуры стран Востока, главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова (г. Алматы, Казахстан)

Жумагулов Калкаман Турсынович – доктор исторических наук, профессор, почетный профессор Гёттингенского университета в Германии, директор Республиканского научно-исследовательского центра по изучению всемирной истории Казахского национального университета имени аль-Фараби (г. Алматы, Казахстан)

Исмагулов Оразак Исмагулович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, член-корр. Болонской АН (Италия), заведующий лабораторией физической антропологии Национального музея РК. (г. Нур-Султан, Казахстан)

Кудряченко Андрей Иванович – доктор исторических наук, профессор, директор Института всемирной истории Национальной академии наук Украины (Украина)

Кумеков Болат Ешмухамбетович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, директор Международного института кипчаковедения Казахского национального университета имени аль-Фараби, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (г. Алматы, Казахстан)

Любичанковский Сергей Валентинович – доктор исторических наук, профессор, заведующий кафедрой истории России Оренбургского государственного педагогического университета (Россия)

Мухтар Абилсейит Капизулы – доктор исторических наук, профессор, директор Государственного историко-культурного музея-заповедника «Сарайшық» (г. Атырау, Казахстан)

Петер Финке (Dr. Peter Finke) – доктор PhD, Институт Макса Планка, университет Цюриха (Швейцария)

Сыдыков Ерлан Батташевич – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (г. Нур-Султан, Казахстан)

Уяма Томохико – PhD, профессор Центра славянско-евразийских исследований Университета Хоккайдо (Япония)

Ответственный редактор
Кудайбергенова Айжамал Ибрагимовна

Научный редактор
Козыбаева Махаббат Маликовна

Ответственный секретарь
Мурзаходжаев Куаныш Мадиевич

Технический секретарь
Зикирбаева Венера Сериковна

Chief editor

Kabuldinov Ziyabek Yermukhanovich

Members of editorial board

Abdyrakhmanov Tolobek Abylovich – doctor of historical sciences, professor. Rector of I. Arabaev Kyrgyz State University (Bishkek, Kyrgyzstan)

Abuseitova Meruert Huatovna – doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of National Academy of Science Republic of Kazakhstan, Director of the Republican Center for the Study of Historical Materials of the Institute of Oriental Studies named after R.B. Suleimenov, Head of the UNESCO Department “Science and Spirituality” (Almaty, Kazakhstan)

Alimbay Nursan – candidate of historical sciences, professor; Director of the State Museum Republic of Kazakhstan (Almaty, Kazakhstan)

Abil Yerkin Amanzholyuly – doctor of historical sciences, professor, director at Institute of history of the state (Nur-Sultan, Kazakhstan)

Ayagan Burkitbai Gelmanovich – doctor of historical sciences, professor, deputy director at Institute of history of the state (Nur-Sultan, Kazakhstan)

Azhigali Serik Eskendirovich – doctor of historical sciences, professor, corresponding member of eastern countries international academy of architecture, chief researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ehnology (Almaty, Kazakhstan)

Zhumagulov Kalkaman Tursunovich – doctor of historical sciences, academician, professor at Al-Farabi Kazakh National University. Director of the Research Center on World History Studies. Emeritus Professor of German Gottingen University (Almaty, Kazakhstan)

Ismagulov Orazak Ismagulovich – Doctor of Historical Sciences, professor, academician of the National Academy of Sciences of the Kazakhstan Republic, member-correspondent of Bologna Academy of Sciences (Italy), head of the laboratory of Physical Anthropology of the National museum of Kazakhstan Republic. (Nur-Sultan, Kazakhstan)

Kudriachenko Andrey Ivanovich – doctor of historical sciences, professor, director of Institute of World History of the National Academy of Sciences of Ukraine (Kiev, Ukraina)

Kumekov Bolat Yeshmukhameduly – doctor of historical sciences, professor, National Academy of Science Republic of Kazakhstan, director at International Institute of Kipchak Studies, Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan)

Sergey V. Lyubichankovskiy – doctor of historical sciences, professor, Head of the Department of Russian History, Orenburg State Pedagogical University (Russia)

Muktar Abilsseit Kapizuly – doctor of historical sciences, professor, director of the State Historical and Cultural Museum-Reserve “Sarayshek” in Atyrau (Atyrau, Kazakhstan)

Peter Finke – PhD, Max Planck Institute, University of Zurich (Switzerland)

Sydykov Yerlan Battashevich – doctor of historical sciences, professor, National Academy of Science Republic of Kazakhstan. Rector of the L.N. Gumilev Eurasian National University (Nur-Sultan, Kazakhstan)

Uyama Tomohiko – PhD, professor at Slavic Research Center, Hokkaido University (Japan)

Executive Editor

Kudaibergenova Aizhamal Ibragimovna

Executive Secretary

Murzakhodzhayev Kuanysh Madievich

Scientific Editor

Kozybayeva Makhabbat Malikovna

Technical secretary

Zikirbayeva Venera Serikovna

Редакцияның мекен-жайы:

050100, Қазақстан Республикасы,

Алматы қ., Шевченко көшесі, 28,

Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты,

«Отан тарихы» журналының редакциясы

Телефон: +7 (727) 272-46-54

E-mail: Otanhistory@gmail.com

Электрондық мекен-жай:

<http://infohistory.info>

Журнал 1998 жылдан бастап шығады.

Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде

1998 ж. 9 наурызда тіркеліп, N 158-ж куәлігіне ие болды.

Мақалаларды қайта бастырып жариялағанда, микрофильмге және басқа да көшірмелерге түсіргенде міндетті түрде журналға сілтеме жасау қажет.

- Tashkent 20 August // «Birlik tuy» gazetі. 1917. 20 Tamyz. № 6 [In Kazakh].
 Tashkent. 1 October // «Birlik tuy» gazetі. 1917. 1 Kazan. № 10 [In Kazakh].
 Tokayev K.K. Tauelsizdik barinen kymbat. (Independence is the most precious thing) // Egemen Qazaqstan. 05.01.2021. S. 1-2 [In Kazakh].
 Torekyl. Aulie-Ata kazakhtarynyn zhayy // «Birlik tuy» gazetі. 1918, № 19 [In Kazakh].
 Turkistan aimagyndagy asharyshlykta // «Birlik tuy» gazetі. 1917. 29 August. № 7 [In Kazakh].
 «Uran» gazetі. 1917-1918. (The newspaper of «Uran») / The project author, organizer Zhantas Nabiollauly. Oral, 2014. 400 pp. [In Kazakh].
 «Habar-Izvestia» 1918, «Kazak durystygy-Kirgizskaia pravda» 1919 («News» 1918, «Kyrgyz truth») / Developer. Kazabek Kuttymuratuly, Oral 2015. 680 pp. [In Kazakh and Russian].
 Shieliden // «Birlik tuy» gazetі. 1917. 23 Zheltoksan. № 18 [In Kazakh].
 Shymkent zhayy, Aulie-Ata, Zhanakorgan, Turkiatan // «Birlik tuy» gazetі. 1918. 5 April. № 28 [In Kazakh].

FTAMP 03.20.00.

DOI 10.51943/1814-6961_2021_2_40

ҚЫРҒЫЗ-ҚАЗАҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫНЫҢ ТАРИХНАМАСЫ

Карамендина М.Ө.¹

¹Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты, Қазақстан, Алматы.

Автор-корреспондент: E-mail: karamendina70@mail.ru

Түйіндеме. Бұл мақалада туыстас, бауырлас қазақ пен қырғыз халықтарының ортақ этникалық байланыстарына, шежірелеріне, жауға қарсы бірлескен күрестеріне т.б. қатысты зерттелген мәселелер тарихнамасы жазылған. Қырғыз-қазақ өзінің қарым-қатынас бастауын өткен ғасырлар қойнауынан алады. Олардың күні бүгінге дейін жалғасқан өзара байланысының негізі түркілік шығу тегі, ортақ тілі, ділі мен діні, әдет-ғұрыптары болып табылады. Қырғыз бен қазақ арасындағы этникалық байланыстар, тек атаулары бойынша сәйкес келетін ру-тайпалары туралы т.б. қырғыз-қазаққа ортақ тарихнамалық зерттеушілердің еңбектері аталып, ғалымдардың өзіндік пайымдары ашылады. Сонымен қатар саясатқа байланысты бұрмаланып жазылған, екі елге ортақ болған қыпшақтарға қатысты жазылған еңбектер аталады. Сондай-ақ қырғыз-қазақ этнографиясы жайында, халық ақындарының ұқсас жыраулық табиғатына қатысты, Кенесары Қасымовтың ұлт-азаттық күресіне қатысты зерттеулер тарихнамасына тоқталады.

Кілт сөздер: қырғыз, қазақ, тарихнама, туыстас, шежіре, көшпенділер, «Манас» эпосы, ұлт зиялылары, әдеби бастаулар, Алаш азаматтары.

МРНТИ 03.20.00.

ИСТОРИОГРАФИЯ КИРГИЗ-КАЗАХСКИХ ВЗАИМООТНОШЕНИИ

Карамендина М.О.¹

¹Институт истории и этнологии им. Ч. Валиханова. Казахстан. Алматы.

Автор-корреспондент E-mail:karamendina70@mail.ru

Аннотация. В этой статье говорится об историографии исследованных проблем, касающихся общих этнических связей, летописей, совместной борьбы против общих врагов и т.д. родственных казахских и киргизских народов. Казахско-киргизские связи берут начало из глубин прошлых столетий. В основе их связей, продолжающихся по сей день лежит общее тюркское происхождение, общность языка, вероисповедания и обычай.

Этнические связи между казахами и киргизами только о совпадающих по названию родах и племенах, а также труды об общих для обоих народов кипчакских, о которых раньше были представлены искаженные материалы. Наряду с этим об этнографии киргиз-казахов, труды о поэзии народных поэтов. Историография исследований касающиеся народно-освободительной борьбы Кенесары Касымова. Будут отмечены труды исследователей историографии, общей киргизо-казахским народам, будут оглашены мнения ученых.

Ключевые слова: киргиз, казах, историография, родственные, летопись, кочевники, эпос «Манас», интеллектуалы нации, литературные истоки, граждане алаш.

IRSTI:03.20.00

HISTORIOGRAPHY OF KIRGHIZ-KAZAKH RELATIONS

Karamendina M.O.¹

¹Sh. Valikhanov Institute of History and Ethnology. Kazakhstan. Almaty.

Corresponding author E-mail:karamendina70@mail.ru.

Abstract: Historiography of research of ethnic links, chronicles, joint fight against common enemies of relatively Kazakh's and Kirghiz's peoples is described in this article. Kazakh and Kirghiz connections start in deep antiquity. Their ties, which continue to this day, are based on a common Turkic origin, a common language, religion and custom. Proceedings of historiography researchers, common for Kazakh and Kirghiz's peoples will be noted, scientific opinions of scholars will be announced.

Keywords: Kyrgyz, Kazakh, historiography, relatives, chronicle, nomads, epic "Manas", intellectuals of the nation, literary sources, citizens of Alash.

Кіріспе. «Орта Азия қазақтарының киелі жерлері (Қырғызстан, Тәжікстан, Түркменстан, Қарақалпақстан)» атты ғылыми жоба бойынша қазақтың Қырғызстандағы қасиетті орындары мен тарихи ортақ тұстарын зерттеу бірден-бір мақсатымыз болып табылады. Бауырлас осы екі елдің тарихи ортақ тұстарын көрсетіп тарихнамалық зерттеу жүргізу – мақаланың басты нысаны болып табылғандықтан жобамыздың жұмысын қазақ-қырғыз қарым-қатынасының тарихнамасын зерттеуден бастадық. Талай азапты жолды бірге кешкен қазақ-қырғыз халықтарының тарихи тағдыры ортақ. Мақалада қазақ пен қырғыз қарым-қатынасындағы ортақ мәселелердің зерттелу деңгейі анықталады және осы мәселе ауқымында жаңа тың деректер ұсынылады.

Методология. Қазақ-қырғызға қатысты ортақ мәселелердің зерттелу деңгейін және зерттелмеген тұстарын анықтауда тарихнама ғылымының методологиялық негіздері қолданылды. Ғылымдағы тарихилық, әлеуметтік қағидалармен қатар тарихи-салыстырмалы, мерзімділік, сипаттап баяндау әдістері пайдаланылды.

Талқылау. Мал шаруашылығымен айналысатын қырғыз-қазақ сияқты көшпелілерді зерттеген Ресей отаршылдарының жұмыстары XIX ғасырда көбейе бастайды. XIX–XX ғасырларда Ресейдің Қазақ даласын отарлау кезеңіндегі әр түрлі шараларды іске асыруға бағытталған еңбектеріндегі сараптамалық мазмұнынан гөрі олардың тарихи-этнографиялық құндылықтары басым. Оған Н. Аристовтың «Опыт выяснения этнического состава киргиз-казаков большой орды и каракиргизов на основании родословных сказаний...», Л. Мейердің «Киргизская степь Оренбургского ведомства», А. Левшиннің «Описание киргиз-кайсацких или киргиз-казачьих Орд и степей» (Левшин, 1832), Н. Гродековтың «Киргизы и каракиргизы Сыр-Дарьинской области» (Гродеков, 1889), П. Небольсиннің «Очерки торговли России со странами Средней Азии, Хивой, Бухарой и Кокандом со стороны Оренбургской линии» (Небольсин, 1852), А.А. Кастаньенің «Древности Киргизской степи и Оренбургского края» (Кастанье, 1910), С.М. Абрамзонның «Киргизы и их этногенетические и историко-культурные связи» (Абрамзон, 1971), А.Е. Алекторовтың «Киргизы-казахи: исторический очерк» (Алекторов, 1900), И.Г. Андреевтің «Описание Средней орды и киргиз-кайсаков»

(Андреев, 1998), В.В. Вельяминов-Зерновтың «Исторические известия о киргиз-кайсаках и сношениях России с Среднею Азиею со времени кончины Абуль-хаир хана (1748-1765 гг.)», И. Словцевтің «Путевые записки, введенные во время поездки в Кокчетавский уезд, Акмолинской области в 1878 году» (Словцев, 1881), Л. Костенконың «Очерки Семиреченского края» (Костенко, 1872) т. б. еңбектерін атап өтуге болады.

Негізгі бөлім. Халықтың шығу тегін, таралуын баяндайтын тарихи ғылымның бір тармағы – шежіре. Қазақ пен қырғызға ортақ тарихының бастауы болатын шежіре еңбектер жазған ғалымдар қатарында Ш.Уәлихановтың «Қырғыз шежіресі», Ш. Құдайбердіұлының «Түрік, қырғыз-қазақ хәм хандар шежіресі», М. Тынышпаевтың «Генеалогия киргиз-казахских родов», «Происхождение киргиз-казаков и история образования Казахского ханства», Х. Арғынбаев, В. Востров, М. Мұқановтардың «Қазақ шежіресі хақында», қырғыз зерттеушілері: Ш. Ураимовтың «Роль санжыра в исследовании истории киргизского народа», С.А. Аттокуровтың «Кыргыз санжырасы», М. Иманалиевтың «Кыргыз санжырасы», С. Закировтың «Кыргыз санжырасы» т.б. еңбектері ерекше. М. Тынышбаев әмбебап ғалым ретінде тарих, археология, этнография мәселелері бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналысты, сансалалы өлкетанушылық еңбектер жазып, сол еңбектері арқылы Ш. Құдайбердіұлының шежірешіл үлгісін жаңа сатыға көтерді (Нұрпейісов, 2006:61). Шәкәрім Құдайбердіұлының шежіресі бойынша: «...кейін біздің Жошы ұлысындағы аталарымыз Жошы нәсілінен Өзбек хан мұсылман болғанда, барша Жошы ұлысы өзбек атанып, онан кейін Өз Жәнібек ханға еріп, Ноғай ханнан бөлінгенде қырғыз, қазақ атанған елміз. Ол кезде ол аптен атанған ел жалғыз ғана біздің үш жүздегі қазақ емес, көп ел еді. Оның көбі отырықшы өмірге кіріп, әр жерге барып бірталайы ноғай, башқұрт атанып, бірталайы өзбек, сарт атанып кеткен. Ақырында қазақ деген ата бізде қалған» (Құдайбердіұлы, 1991:21). Осы күнгі қырғыздың көбі ескі орны Алатаудың күнбатыс тұмсығына жақын Сынтас асуынан шыққан, Памирдің таулы жотасында. Олар оң-сол деп екі бөлек. Рулары: бұғұ, сарбағыс, солты, шерік, бағыш, саяқ (Құдайбердіұлы, 1991:36). Қырғыз шежіресінде, әсіресе, Т. Алымбековтың «Қырғыздардың шығуы» атты қолжазбасында Төле би, Абылай хан заманынан сыр шертетін біршама қызықты мағлұматтар баяндалады (ҚырҰҒАҚ).

Қазақ және қырғыз халықтарының арасындағы этникалық байланыстар туралы бірден-бір тарихи дерек көзі батырлар жыры болып табылады. Бар өнерін бармақтың басы мен тілдің ұшына қондырған қырғыз бен қазақтың осыдан 1000 жыл бұрынғы шежіресі - «Манас» эпосы. Одан бері таратсақ, Оғыз ханнан Алаша хан, одан Байғұр хан, одан Бабыр хан, одан Тобей хан, одан Көгей хан тарады. Көгей ханнан Нуғай туады (Шаханов, 1995: 4). 1503 ж. тәжік тіліндегі «Маджму ат-таварих» (тарих жинағы) атты шығармада қыпшақтың және қырғыздың шығу тегі жөніндегі Ферғана мен Тянь-Шань аңыздары берілген. Онда «Манас» эпосынан бірнеше эпизодтар бар. «Маджму ат-таварихта» берілген «Манас» эпосы жөніндегі эпизодтарда кейіпкерлер әр түрлі заманда өмір сүрген нағыз адамдармен бірге жүріп-тұрып жататындығы қызықты. Мысалы, эпостағы кейіпкерлермен бірге тарихта болған адамдардың есімі аталады: Абака-хан – Иранның 1265–1282 жылдардағы билеушісі, Темірлан – 1336-1405 жылдарда өмір сүрген, Тохтамыс-хан (1406 жылы өлген) – Алтын Орданың ХІҮ ғасырдағы билеушісі т.б. (Маджму ат-таварих). А. Ақаев: «Моңғолия даласынан біздің жеріміз арқылы шығыстан Атлантика теңізіне дейін, батыстан ғасырлар бойы көптеген әскерлер өтіп тұрған. Ежелгі қырғыз жерінен жаңа эраның І ғасырындағы ғұндардың бастауымен халықтың ұлы көші басталып, Рим империясының күйреуімен аяқталғаны осыған байланысты деп ойлаймын. Ғалымдар қандай мемлекеттің болмасын зерттелмей қалған «ақтандақтары» мен жұмбақтары аз емес екенін біледі. Осындай жағдайлар біздің тарихымызда да бар», - дейді (Ақаев, 2003:3).

Қырғыз халқының тарихи шежіресін толығынан жазып алуға ерекше көңіл бөлген және сол шежіре бойынша халық жырында айтылатын ескі заманның алыбы ер Манастың қай ұлыстан шыққанын анықтауға, оның қай кезде болғанын бірінші рет айыруға көп ой жұмсаған Шоқан Уәлиханов болатын. Абылғазы шежіресіндегі: «Қырғыздар оғыздан таралды» деген анықтауға үңіле қарап, ол қырғыз халқы ортасынан соған орай аңыздар іздейді. Ш. Уәлихановтың «Жоңғар очерктері», «Дневник поездки на Иссыккуль», «Записки о киргизах» атты еңбектерінде «Манастан» алынған қажетті ақпараттарды пайдалануға тырысып, қырғыздардың ноғайлармен байланысын шынайы

атап өтті (Уәлиханов, 1984:306). 1856 жылы «Манас» эпосынан Ш. Уәлиханов жазып алған үзіндісі жоғалып қалған болатын, тек 1959 жылы ғана Ә. Марғұлан бұл жазбаны Ленинградтың мұражайынан тауып алады. Қырғыз халқының «Манас» эпосы туралы ғылыми зерттеулер ісінің дамуына үлес қосқан Ә. Марғұлан «Шоқан және «Манас» атты монографиясын жарыққа шығарады. Ол эпоста өмір шындығы, жырдың шығу тегі, дәуірі, кейіпкерлері мен көркемдік кестесі және манасшылардың жырды жетілдірудегі қызметі т.б. жөнінде ғылыми маңызы жоғары пікірлер айтты (Марғұлан, 1959). 1866-1907 жж. көптомдық «Түрік тайпаларының халық әдебиетінің үлгілері» топтамасымен В.В. Радловтың көмегімен 1885 жылы «Манас» эпосы жарыққа шығады. Кітаптың алғысөзінде В. Радлов «Жолайхан» және «Ертөстік» аңыздарының «Манас» эпосына жанасатынын айтып, мәтінде оларды бөліп қояды. Расында «Манас» персонаждары қазақтың «Ер Төстік» ертегісіндегі Төстік, «Ер Көкше», «Ер Қосай», Джамгыршы т.б. сияқты дербес туынды кейіпкерлері болып шығады. Жырда Манас 32 жасында Алтайды мекендеген қырғыздардың қалың көшін бастап Алатауға көшкенде көштің оң қанатын бастап Ер Көкше келе жатады. Ұлы жорыққа аттанарда Манастың жанынан тағы да қазақ досы табылады. Бір туған қырғыздың басына қиямет-қайым күн туғанда Арқадан Ер Көкшенің көмекке қалың қолымен алып-ұшып жетуі ежелгі бауырластықтың жарқын көрінісі демеске амалың жоқ (Образцы, 1885:8). Ә. Марғұлан «Ер Көкше мен Ер Қосайдан тарайтын уақ тайпасына кіретін рулар: сарыбағыс, сарман, сарша, шұға, бидалы, жақсары, бейімбет. Мұнда аталған рулардың көпшілігі бар. Оның үстіне, бұл шежіредегі Бейімбет «Манас» жырындағы кейіпкердің бірі, қырық шораның ең кішісі болып айтылады. Уақ тайпасындағы сарыбағыс пен қырғыздың сарыбағышы түү баста бір ел болу керек. Бұл шындықтар қырғыз бен керей, найман жұрттары түү баста бір арнадан шығып, бірге тіршілік етіп, сыртқы жауға бірігіп қарсы тұрған елдер екенін көрсетеді. Жыр мұны осылай сипаттайды», - дейді (Марғұлан, 1959:77). Б. Солтоноевтың «Манас» зерттеуінде «Қырғыздар «Манас», «Қосай», «Көкетайдың асы», «Ер Төстік» сияқты жырларды есте сақтап, әнге қосады» делінген (Солтоноев, 2003). Демек «Манас» жырының ауқымды жинаушылары мен зерттеушілерін, аудармашыларын атап өтетін болсақ: Ш.Ш. Уәлиханов, В.В. Радлов, М.О. Әуезов, Ш. Айтматов, В.М. Жирмунский, Ә. Марғұлан, А.Н. Бернштам, Каралаев, Саянбай мен Абдурахманов, К. Маликов, С. Липин, У. Джакишева, Н.Н. Берков, С.М. Абрамзон, Л. Пенковский, Тоголок Молду, И.А. Батманов т.б. Эпосты жариялап зерттеу ете маңызды болып табылады, себебі эпос түркі халықтарының тарихы мен мәдениеті бойынша бай дереккөз екені белгілі (Жиренчин, 1987:62). Осы күні «Манас» эпосының орыс, қырғыз және КСРО халықтарының басқа тілдерінде жариялануы, сондай-ақ ол туралы 700-ден аса атаулар мақалалар, брошюралар мен кітаптарды құрайды. Қырғыз тарихшысы И. Молдобаев қырғыз халқының эпостық жырлары Манасты және «Жаныш пен Байыш» эпостарындағы қазақ және қырғыз халықтарының этникалық байланыстарын зерттеп анықтаған болатын (Молдобаев, 1995: 11). «Манас» эпосында моңғол дәуірінен көп заман ілгері жасаған, қазіргі кезде қазақ руларының негізін құрайтын Ұлы жүзден - үйсін, жалайыр, қаңлы, Орта жүзден – арғын, қыпшақ, керей, найман, уақ, қоңырат, Кіші жүзден – алшын, шеркеш, кердері, тама, төлеу, керейіт тайпалары Алтайдан Алатауға, Жетісудан Бежинге дейінгі аралықты қамтыған ұлы жорыққа, қанды қырғын мен ұлан-ғайыр асқа, торқалы тойға, топырақты өлімге қырғыз жұртымен бірдей ат салысады (Шаханов, 1995:9). Ж. Артықбаевтың айтуынша: Түркі халықтары арасында этникалық байланыстары жағынан қазақ халқына ең жақын халықтардың бірі қырғыздар болды. Мұны кезінде көптеген зерттеушілер атап өткен болатын. Бірақ қазақ-қырғыз халықтарының арасындағы этникалық байланыстар туралы мәселе көп уақыт бойы екі халықтың ортақ этнонимдерін анықтаумен шектеліп келді (Артықбаев, 2003).

Қазақ және қырғыз халықтарының арасындағы этникалық байланыстарды неғұрлым тереңдете зерттеген ғалымдардың қатарына С.М. Абрамзон «Киргизы и их этногенетические и историко-культурные связи», К.И. Петров және И.Б. Молдобаевтарды жатқызуға болады. Расында қазақ халқының құрамындағы арғын, қыпшақ, қоңырат, қатаған, найман, қаракесек және т.б. ру-тайпаларды қырғыз арасынан да көреміз. И. Молдобаевтың айтуына қарағанда қырғыз бен қазақ арасында тек атаулары бойынша сәйкес келетін ру-тайпалардың өзі оннан асады. Бұлардың қатарына қыпшақ, қоңырат, найман, жәдігер, қатаған, дулат, ноғай, алшын (алақшын),

сары, сары үйсін, абақ, таздар, итемген, ағынай балықшы, қызылқұрт және т.б. ру-тайпалар жатады (Молдобаев, 1995:24). Ш. Құдайбердіұлы: «Әз Жәнібек ханға еріп қазақ атанған елдің қазақ атанбай тұрып бөлінген арғын, найман, керей, қаңлы, қыпшақ, үйсіндегі дулат деген сықылды туысқандары көп. Жер жүзіндегі түрік нәсілді жұрттардың көбінің ішінде бар және қазақ атанған соң да көбі бөлініп, ноғай, башқұрт, өзбек атанып кеткен. Мұндағы үш жүздің қазағы атанып жүрген ел сонан қалған біраз ғана кісінің нәсілі» дейді (Құдайбердіұлы, 1991:23).

Е.С. Альчикеновтің «ХҮ-ХҮІ ғасырдағы қырғыз-қазақ халықтарының арасындағы саяси және этникалық байланыстар» атты мақаласында былай делінген: ХҮ-ХҮІ ғғ. Тянь-Шань аумағындағы қырғыздарға келер болсақ, ХҮІ ғасырдың басына қарай қырғыз халқының этникалық құрамы әбден тұрақтанған еді. Осы ХҮІ ғасырдың басынан бастап қырғыздар Моғолстан мен көршілес Қазақ хандығының саяси өміріне және Қырғызстан аумағындағы саяси оқиғаларға өз атымен белсене қатысады. Қырғыз КСР тарихы бойынша: Моғол феодалдары мен шайбанидтердің агрессиялық жорықтарына қазақтар мен қырғыздар қазақ ханы Хақназардың басқаруымен бірлесе отырып күрес жүргізеді. Хақназар хан тарихи деректерде қазақтар мен қырғыздардың патшасы деп аталған. Қырғыз феодалдары түрік-моңғол дәстүрі бойынша Мұхаммед қырғыздың өлімінен кейін қазақ хандары Тахир, Хақназар және олардың мұрагерлерінің билігін мойындаған. Моғолдар мен шайбанидтердің кейбір жекелеген жеңістеріне қарамастан Оңтүстік Шығыс Қазақстан мен Қырғызстанды жаулап алу ниеті іске аспады. ХҮІ ғасырдың бірінші жартысында қырғыз феодалдары моғол үстемдігіне қарсы күресте қазақ хандығынан қолдау таба отырып, қазақ хандарының Сыр бойындағы сауда орталықтары үшін Шайбанидтермен жүргізген күресіне барынша көмек көрсетті (Қырғыз КСР тарихы, 1984: 448). Хақназар тұсында қазақтың әкімшілік-территориялық басқару жүйесі құрылған уақытта қырғыздың біздің ішімізде жүргені Б. Солтоноевтың «Қызыл қырғыз тарихы» кітабынан белгілі: Қырғыздың Көкім сияқтыкөсемдерін осыдан кейін біз Еңсегей бойлы Есім хан жанынан көреміз. Қазақ-қырғыз шежірелерінің мәліметтеріне қарағанда қазақтың Еңсегей бойлы ер Есім ханы (1598–1628) тұсында қазақ-қырғыз келісімі түзіліп, қырғыздың Көкім биі Ташкенттің алты қақпасын басқарып тұрады. Қырғыздың оң қанатының басшысы, өз заманындағы белгілі саяси қайраткер Көкім би Есім ханды хан көтеруге белсене қатысады (Махаева, 2015:18). Қазақ-қырғыз саяси байланыстарындағы Есім салған жол Тәуке ханның тұсында одан әрі дамыды. С. Сейфуллиннің дерегі бойынша: Тәуке хан Ташкент ауданында тұрады... Оның тұсында бірігіп өмір сүрген: қазақ, қырғыз, қарақалпақтардың ірі руларында билік жүргізген алты ірі бидің аты шығады. Ұлы жүзде Төле би, Орта жүзде Қазыбек би, Кіші жүзде Әлім ұрпағынан Әйтеке би, Қырғызда – Көкім би, Қарақалпақта – Сасық би, Қатағанда – Жайма, басқа уақ рудан тағы бір би (Сейфуллин, 1964: 40). Қазақ, қырғыздың жағалай ел болып қонуына Ұлы жүздің төбе биі – Төле би Әлібекұлы көп еңбек сіңірген. Қазақ пен қырғыз халқының «ауылы аралас, қойы қоралас» дейтін сөз тіркестері де осы тұсты меңзесе керек.

ХҮІІ ғасырдан бастап ХҮІІІ ғасыр ортасына дейін түркі тілдес, бауырлас халықтар – қазақтар, қырғыздар, қарақалпақтар мен өзбектер жоңғар шапқыншылығының шабуылына жиі ұшырады. Жоңғар басқыншыларына қарсы бірлескен күрес барысында талай қазақ, қырғыз батырлары бір-біріне үзеңгілес жолдас қана емес, кимас дос-жаранға айналды. Мысалы, Райымбек батырдың қырғыз манаптарына жасаған ізгі істері туралы Қ. Бопаяевтың еңбегінен оқимыз (Бопаяев, 1993). ХҮІІІ ғасырдың орта шенінде қырғыздарда ру-тайпалық қарым-қатынас қалыптасып, ХХ ғасырға дейін сақталды. Қырғыз руларын старейшин-ақсақалдар басқарып отырған. Ру старейшиндерінің қызметі негізінде тайпалық кеңес құрылды. Адам саны молырақ үлкен тайпаларды манап-көсемдер басқарды. ХІХ ғасырда қырғыздар Қоқан хандығына тәуелді болып қалады. Мұның өзі қырғыз халқының әлсін-әлсін ұлт-азаттық көтеріліске шығып тұруына әкеліп соқты (Қабылдинов, 2008:90). Осындай «У ішсең руыңмен» дейтін көшпелі қоғамды жою мақсат еткен империя туралы М. Қойгелдиев: «Ресей билігі Жетісу мен Солтүстік Қырғызстанды алу барысында өзін тәжірибелі отарлаушы ретінде көрсетті. Ең негізгісі халықтың бас көтерер төрелері мен билері, манаптарын сылап-сипап бауырына тартып, түрлі әскери атақтарын, сый-сияпатын берді. Орыс билігінің бұл стратегиялық әдісі өз нәтижесін берді. Өзін ақтады. Орыс әкімшілік орындары «рулық негізді» жоюды көздеді», - дейді (Қойгелдиев, 2004:191).

Саясатқа байланысты тарихымыз бұрмаланып та жазылды. Мысалы, 1985 жылы Б. Кебекова «XIX кылымдын аягы XX кылымдын башында кыргыз, казак тарыхында көп окшош жагдайлар болгон. Түндүк, түштүк кыргыздары, улуу жүз жана орто жүз казактарының жарымы Кокон кандыгына карап, эки эл тең саясий-социалдык көз карандылыкта эзилген келген» десе (Кебекова, 1985:6), 2007 жылы А. Махаевада «XIX ғасырдың басындағы Қоқан хандығы Қазақ пен кыргыз арасында мұсылман дінін уағыздауда, мұсылман мәдениетін таратуда өзіндік рөл атқарды. Қоқан хандығы тұсында казак, кыргыз жерінде көптеген бекіністер бой көтерді, мектеп, медреселер, мешіттер салынды. Қазақтар мен кыргыздар қоқандықтармен бірге түркі-мұсылман әскерін құрап, 1860 ж. Ұзынағаш шайқасына қатысты. Қоқан хандығы кыпшақтар субэтностының казак-кыргыз қарым-қатынасында алар орны бар. Кыпшақтардың билігі хандықта 1842-1852 және 1863-1865 жылдары орнады. Олардың билігі тұсында казак-кыргыздың беделді кісілері қоқандық лауазымдарды көбірек алды», - делінген (Махаева, 2007: 322-324).

Қазақ және кыргыз жеріндегі Қоқан әскерінің басым бөлігі атты кыпшақтардан тұрған. Жергілікті жұрт оларды кыпшақтар немесе «Ташкендіктер» деп атаған (Қойгелдиев, 2004:50). Қазақ-кыргыз сияқты көшпелілер тарихында кыпшақтардың маңызы зор ғой. Сонау XI –XV ғасырларда көшпелі кыпшақтар араб, грек, үнді, қытай, парсы, славян елдерінің басқарушы династияларының шын мәнінде «зәресін ұшырған». Ержүрек жауынгер кыпшақ Үндістандағы Дели сұлтанын құруды өз ынтасымен қолына алды. Мысырдағы Мамлюк мемлекетін бірнеше ғасыр бойы басқарды. Олар Азербайжанды да басқарды, Асенид-кыпшақтар Болгарияның патша тағында жүздеген жылдар бойы отырған. Қолбасшы кыпшақтарды қытай билеушілері өзінің саны көп армиясын басқаруға ілтипатпен шақыратын болған. Кыпшақтар қытай Юань династиясы императорының және грузин патшасы Давидтың гвардиясы құрамында болған. XV ғасырдың орта шенінде кыпшақтар венгриялық король Матвей Корвиннің таңдаулы гусарлық атты әскерін құрды (Қабылдинов, 2013:205). Екі елге де ортақ болған кыпшақтарымызға қатысты жазылған еңбектерді атасак: С.К. Алымкулова «Кыпчаки в составе тюркских народов (этнополитические аспекты); Мехмет Кылдыроглу «Этнополитическая связь киргизов и кипчаков во 2 половине IX–XVI вв.» т.б. С.К. Алымкулова кыпшақтардың көне бөлімдері кезең-кезеңімен бірнеше ғасырлар барысында кыргыздардың құрамына еніп отырғанын айтады. Кыргыз халқының негізгі этникалық құрамын құрайтын кыпшақтардың рулық бөлімдері: торайғыр, кудаке, ак баш, жеті айғыр, ақ кыпшақ, жеті уруу, каба, конгур, канглы, қанжығалы, қара кыпшақ, кулан кыпшақ, құрама, кочкор, куртқа, қызылаяқ, кытай кыпшақ, лақай, ногой, сарай, сары (саруу, сары кыпшақ), сақалды, таз, тогуз кыпшақ, токмок, токсоба т.б. (Алымкулова, 2014:23); М. Кылдыроглу тарихи деректерге сүйеніп, жетіру (жеті уруу) кыргыздардың құрамына Алтын Орда құлағаннан кейін кіргендігін айтады. Оның мәліметі бойынша: «Қаба этнонимі қазақтарда да бар. Бұл тайпа Алтайдан Тянь-Шаньға қарақытай мен моңғолдар заманында көшпенділердің Орталық Азияның түкпір-түкпірінен Батысқа қарай жаппай қоныс аударған кезінде ілесіп кеткен болу керек (Кылдыроглу, 2002).

Әдебиетіміздің қайнар бастауында да ұқсас нышандар баршылық. «Көне түркі дәуірінен бастау алатын кыргыз әдебиеті қай кезде де казак әдебиетімен тығыз байланыста дамыды. Әдебиеттің кейбір үлгілерінің екі елде бір мезгілде дамуының мысалдары өте көп. Түбіміз бір, тегіміз ортақ болған соң жыр дариясының басында тұрған тұлғаларымыз да тағдырлас, ділдес. Біздің Асан Қайғы, Кет Бұға, Алдар көсе, Толыбай сыншы сияқты тұлғаларымыз да ортақ. Бұл туралы Б. Кебекованың «Кыргыз, казак акындарының чығармачылық байланышы» атты еңбегінде: «Акындар чығармачылығындағы байланыш кайсы доордон, качантан баштап түзүлгөндүгү жөнүндө так аутуу кыйын. Бирок, ал деле фольклор сыяктуу акындар поэзиясында кийин кыргыз, казак элдеринин этногенезисине кирген байыркы уруулардын тарихы менен бирге түзүлгөндөй. Албетте, азыр байыркы акындардын атын атоо кыйын. Алар эл эсинде сакталбай, унутулуп калган. Айрым Кет Бука (XIII к.), Асан Кайгы (XV) сыяктуу акындардын ысмы казак, кыргыз, ногой, каракалпактарда белгилүү. Алардын айрым ырлары эл арасында сакталып калган» делінеді (Кебекова, 1985:5). Қазақ-кыргыз халықтарының көп ғасырлық әдеби-рухани қазыналарын ғылыми назарда ұстап, тер төге еңбектеніп, сол ұлы көркем мұраны, алдымен, ұлтымыздың өзіне

мүшелеп, жіліктеп талдап түсіндіру ісі ХХ ғасырдың 30-40 жылдарынан бастап шыңдап қолға алына бастаған еді... Мұндай игілікті істі жолға қойып, таразылап талдаудың соны соқпағын салушылар өткен ғасырдағы қазақ әдебиеттану ғылымының шоқ жұлдыздары М. Әуезов, Ә. Марғұлан, С. Сейфуллин, С. Мұқанов, Есмағамбет Ысмайылов, Бейсенбай Кенжебаев т.б. да ғұламаларымыз болды. Халил Бапаевтың «Қырғыз-қазақ, қазақ-өзбек әдеби байланыстары» (1975), аталып өткен Батма Кебекованың «Қырғыз-қазақ фольклорлы байланыстары» (1982), Абдылдан Ақматалиевтің «Қырғыз-қазақ ақындық шығармашылығының байланыстары» (1985), академик Әбділдажан Ақматалиевтің «Шыңғыс Айтматов және қырғыз-қазақ әдеби байланыстары»(1981), «Шыңғыс Айтматовтың және түркі халқының әдебиеті» (1988), ілімпаз Болот Ақматовтың «(1930)ж - қазақ-қырғыз әдеби байланыстарының көптүрлілігі» (2000), «20-шы жылдардағы қазақ-қырғыз әдеби байланысындағы жаңа дәуір» (2000), «Мұхтар Әуезов және Ұлы қырғыз жазушылары» (2005). Бұл тізім туған-туыстар, бауырлас халықтар арасындағы әдеби байланыстың қаншалықты терең, жоғары, кең екендігін толық дәлелдейді (Нұрлан Қалыбаев, [http.](http://)).

Қазақ әдебиетіндегі зар заман деп аталған дәуірдегі қоғамдық қатынастар көрші екі елде қосанжар орныққандықтан осылай болатын жөні де бар. Б. Омарұлы «Қазақ-қырғыз қасіретнамасы» атты еңбегінде былай дейді: «Зар заман ақындарының халқына сөз арнап, ел-жұрттың санасын оятқан тұсы – ХІХ ғасыр. Бұл патша үкіметі отаршыларының бұратана деп атаған халықтарды әбден езгіге ұшыратқан кезі.

Қазақтың жерін талауға түсіріп, тыныш жатқан ауылдардың ойран-ботқасын шығарған жасауылдар қырғыздың айылдарына көз жұма қараған жоқ. Жерді алып қана қоймай, сананы да бағындыру саясатын ұстанған өктемдік қолшоқпары мынау қырғыз, анау қазақ еді деп бөле-жармайтыны тағы белгілі. Қазақтың ауылы мен қырғыздың айылының үстінде отаршылдықтың сойылы ойнақ салды. Бүгінгі нәтижесі белгілі» (Омарұлы, 1998:5).

2017 жылы М. Үмбетаевтың «Қазақ-қырғыз халық ақындары» атты оқу құралы шықты. Онда қазақ-қырғыз халықтарының ХҮІІІ-ХІХ ғасырларда жасаған ақпа-төкпе ақындары өлеңдерінің тақырыбы, мазмұндық-идеялық көркемдік сипаты талданған. Мәселен, Сыпыра жырау, Асан қайғыдан басталған дәстүрді бергінде Орынбай, Шортанбай, Сүйінбай, Шөже, Жамбыл, Құлмамбет және Қалығұл, Балық, Арыстанбек, Жеңіжөк, Солтобай сынды саңлақтар жалғастырған өлең-толғау, жыр-дастандар қарасының өзі өзгелер қызыға, қызғана қарайтын інжу-маржан текті әдеби асыл мұралар қатарына жатады. Төкпелік айтыс өнерінде Шөже, Қатаған, Сүйімбай, Эсенаман, Майкөт, Қалмырза, Сарба, Жамбыл, Токтоғұл, Қалық, Кенен, Осмонкүл, Исмаил сияқты ақындар ең үздік болып табылады. Айтыс ақыны Шөже (қырғызша Жөже) Қаржаубайұлы (1808-1895) – арқаға келген қырғыздардың ұрпағы. Кезінде Абылай хан екі елдің арасындағы бейбіт келісімді нығайта түсу үшін қырғыздың беделді кісілерінің балаларын аманатқа алып, Арқаға қоныстандырды. Арқаға қоныс тепкен қырғыздар «жаңа қырғыздар», «бай қырғыздар» деп аталды және уақыт өте келе олар қазақтар арасында сіңіп кетіп, Орта жүздің құрамындағы қырғыз руын құрады (Махаева, 2007:321). Жалпы, Орта Азия аумағында қазақ, қырғыз, қарақалпақ халықтарының жыраулық-жыршылық табиғатының аса арналылығына, асқақ арындылығына түрлі саяхатшы жиһангездер, ниет-пиғылы әрқилы білімпаздар назар аударып, пікір білдіріп келді. Бірақ көбіне-көп мұндай жұмыстар қазақ-қырғыз халықтарының этнографиясы, тарихы, фольклор мұраларына жалпы сипаттама хақында жазылды. Ал халық ақындары шығармашылығы, олардың өмірі, өмір сүрген кезеңі, білім-білігі жөнінде арнайы, жан-жақты сөз етіле қойған жоқ еді. Мұндай жаңа тұрпатты «Қазақ-қырғыз халық ақындары» атты оқу құралында өткен замандардағы қазақ пен қырғыз халықтарының импровизаторлық өнері мен шығармашылығының өмір шындығына қатыстылығы туралы мәселелер түптей көтеріліп, саралай сарапталып, бүгінгі күн талабы деңгейінде жаңаша ой-толғамдар батыл ұсынылған.

Қазақ тарихында Кенесары Қасымовтың ұлт-азаттық күресіне қатысты жазылған еңбектер өз алдына бір төбе. Атап айтсақ: А.А. Асеев «Кенесары Қасымов и киргизы», Ғ. Мұсабек «Кенесары мен Наурызбайдың қырғыз қолында қалуы», З. Қабулдиновтың «Тақ мұрасы», Қойгелдиевтың «Жетісудағы Ресей билігі» т.б. шығармалар. Алғашқы зерттеулер ішінде «Қазақ сұлтаны К.Қасымовтың бүлігі» деген тақырыппен Н. Середаның 1870 ж. «Вестник Европы» журналының бірнеше нөміріне бастырған

кітабының дерек көзі ретіндегі маңызы зор. Кенесарының ерлікке толы, аяғында қасіретке айналған трагедиялы өмір жолын кезінде Алаш ардақтылары да (Ә. Бөкейханов, Х. Досмұхамедов т.б.), қазақ аяулылары да (М. Әуезов, С. Мұқанов, І. Жансүгіров, Қ. Бекқожин, М. Хакімжанова т.б.) зерттеген, шығармаларына арқау еткен. Мысалы, Х. Досмұхамедұлының «Кенесары-Наурызбай» атты жыр кітабы 1923 ж. Ташкентте шығады. Бұл кітаптың тарихын оқысақ: «Кенесары-Наурызбайды» баспаға берместен бұрын бірқатар қырғыз туғандарымыздың оқығандарына көрсетіп, олардың сынына салдық, олар жағынан ешбір бөтен сөз болған жоқ. Комментарий жазғанда Шәкәрімнің тарихын, Ахмет төре Кенесарыұлының Смирновке «Кенесары мен Сыдық төре» туралы жазып берген сөздерін, Жетісу туралы жазылған көп кітаптарды пайдаландық, бұл бір. Екінші, М. Тынышбаев, Иманғали Арабайұлынан, Кенесары немересі Әзімхан Ахметұлынан тағы басқаларынан алынған мағлұматтарды пайдаландық» делінген. Жалпы, даланың суырыпсалма ақын-жыраулары жырға қосқан Кене ханның жарқын бейнесі аса бай қазақ поэзиясында ерекше бағаланады. К. Қасымұлы туралы М. Әуезов «Хан Кене» пьесасы және өткен ғасырдың 60 жылдарында қазақ тарихи әдебитінің ең көп оқылатын туындысына айналған жазушы І. Есенберлиннің «Қаһар» романы өмірге келді. С. Мұқановтың «Қазақтың ХҮІІІ–ХІХ ғасырлардағы әдебиеттің тарихынан очерктер» атты біршама көлемді кітабында Сырым, Жанқожа, Бекет сияқты туған халқының азаттығы жолында күрескен қайраткерлер қатарында Кенесары хан да бар. Соғыс бітіп, идеологиялық әлем қайтадан тар қалыпқа түскен шақта партияның адал ұлы саналған С. Мұқановтың өзінің осындай сарындағы еңбегі «халыққа жат» деп танылып, кітап түрмесіне жабылған болатын. М. Әуезов Кенесары тұлғасы мен өткен ғасырдың 40 жылдарындағы оқиғалар туралы сонау 20 жылдардағы көзқарастан анағұрлым тереңрек, парасатты драмалық туынды мүсіндеп шыққан. М. Әуезовтың тарихи шындықты қаншалықты әділ бейнелегенін бірден аңғару қиын емес. М. Әуезовтың мәліметі бойынша үкіметтің бұйрығымен Құнанбай старшын күнінде Кенесарыны қуа шыққан орыс отрядымен бірге қазақтан кісі алып бірге қуысқан екен... Бір араға келгенде Кенесары атынан түсіп намаз оқыпты. Сонда орыс бастықтары шабайық дегенде, Құнанбай «намаз уақытында шаппаймыз» деп шапқызбай қойыпты. Сол жолда Құнанбай қолымен келе жатқан қазақты жиып алып, Құрғылықтың ішінде кеңесіп, Кенесарыны ұстамауға, қас қылмауға келісіпті делінеді (Аңыз адам, 2015:13). Т. Дайрабай: «Кенесары ханды дін өкілдері қолдаған. Кенесары ханның он жылға ұласқан ұлт-азаттық күресін қолдағандардың бірі Бисары Ботабайұлы (орыс деректерінде Ботабаев) болған десем артық айтқандық болмас» дейді (Дайрабай, 2013:62). Сондай-ақ тақырыпқа қатысты Қазақ хандығының құрылуының 550 жылдығына арналған «Кенесары – хан және қолбасшы: мәселелер мен ізденістер» атты ғылыми мақалалар жинағына қалам тартқан ғалымдарды атап өтсек: З. Қабылдинов «Хан Кенесары – выдающаяся пассионарная личность великой степи и вечного еля», Р.Е. Оразов «Кенесары ханның денесі мен бас сүйегін іздеген экспедициялар және Кенесары қазасы мұрағат құжаттарында», Ж.К. Таймагамбетов «Результаты первой научной экспедиции по поискам останков хана Кенесары в Кыргызстане», Т. Жұртбаев «Кеудесі қуыс қалған далам-ай...(қазақтың соңғы ханы Кенесары мен 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалыс басшыларының бірі – Кейкі батырдың бас сүйектерін іздестіру экспедициясы). З. Қабылдинов «Хан Кенесары – выдающаяся пассионарная личность великой степи и вечного еля» атты мақаласында Кенесары хан туралы былай дейді: атақты басқарушы өзінің сирек кездесетін қасиетіне, қабілетіне орай айналасына әр түрлі этнос өкілдерін топтастыра білді. Көтерісшілердің арасында орыстар, башқұрттар, өзбектер, қарақалпақтар, татарлар және поляктар болды. Олардың кейбіреулері қазақ ханының ілтипаты мен ерекше сеніміне ие болғанына байланысты лауазымы жоғары басқару қызметін атқарып жүрді (Қабылдинов, 2015:57). Ж.К. Таймагамбетов «Результаты первой научной экспедиции по поискам останков хана Кенесары в Кыргызстане» мақаласында: «Кенесары Қасымов пен Наурызбай батырдың сүйектерінің көмілген жерін іздеуді келешекте жалғастыру қажет, өйткені оларға қатысты бірнеше мұрағат мәліметтері бар. Оны тексеру керек. Әзірше экспедиция жұмыстарының нәтижелі аяқталуы туралы айтуға ерте. 2006 жылы сүйектері табылып, Алматы облысы, Талғар ауданы, Майтөбе деген жерде деген ақпарат күдік туғызады» десе, Т. Жұртбаевтың мәліметі бойынша: «Одақтас республикалардың тарихына қатысты мұрағат тізімдерінің барлығы қатаң түрде ресми құжаттандырылған,

яғни дербес бақылауға алынған. Кеңестік саяси науқанның зардабын экспонаттар да көрген. Ал басы даудан ашылмаған Кенесарының бас сүйегі де сол қысымға ұшырап, сөреден-сөреге ауыстырылған іспетті... Сонымен қатар, соғыс кезінде экспонаттар Самарқандқа, Қостанайға, Саратовқа т.б. қалаларға көшірілген. Ол арадан экспонаттар толық қайтып оралмаған. Солардың ізіне түсіп, Кенесарының бас сүйегінің Самарқандта қалып қоймағандығының анық-қанығына жету үшін де біраз уақыт қажет. Ол туралы үзілді-кесілді жауап қайтаруға әлі ерте. А.А. Асеевтің «Кенесары Қасымов және қырғыздар» мақаласында: Қырғыз тайпаларын дау-дамайға тарту, бұл мәселені шешуге Ресей әкімшілігінің мүдделі болуы қырғыз ақсүйектерінің өкілдерімен тығыз байланыс жасауға жағдай туғызды. Қырғыз ақсүйектерінің өзі де құдіретті күшті солтүстіктегі көршінің қамқорлығында болуға тырысып жүрген еді; осы мәселені қозғай отырып, манаптар қазақ сұлтанымен күрестегі өз рөлін баса көрсеткен. Қазақ сұлтанының өзіне аса қолайсыз жағдайда, мүмкіншілігі шектеулі кезеңде қырғыз тайпаларымен дауласуы өзі үшін сөзсіз аса қатерлі қадам болды (Асеев, 2002:85-90). М. Қойгелдиев «Жетісудағы Ресей билігі» кітабында: Кене хан әскерімен және ауылдарымен Жетісу жеріне келетін болыпты деген сөз Омбы әкімшілігіне 1842 жылы жеткен болатын (Қойгелдиев, 2004:26). Мұрат Әбдіровтың «Кенесары көтерілісі және казактар басқыншылығы» атты мақаласында: Кенесары Қасымов бастаған қозғалысты басуға жергілікті үш казак әскерінің екеуі – Орынбор мен Сібір әскерлері белсенді араласқан. Ғ. Мұсабек «Кенесары мен Наурызбайдың қырғыз қолында» мақаласында: зерттеулер Ағыбайдың қолды бос қырғыннан, өлімнен құтқарып қалғанын айтады. Төрелерді тұтқыннан босатып аламыз деген ойы болғанын жазады. Алайда, қазақ әскерінің екі бірдей төресі қолға түскеннен кейін қырғыздар екеуінің де басын алады. Қазақ соңғы ханынан солай айрылады. Ал Ағыбай батырдың өзегінде өкініш кетті... (Мұсабек, 2018:84). Б. Солтоноев «Қызыл қырғыз тарихы» кітабында: «Кенесары ханның басын Тастанбектің болат қылышымен алған Орманбек, Суанбек батырлардың інісі Тайсары деген кісі деп көрсетеді және сүйегі Қызылсу мен Самсының (Шамшының) ортасындағы Борлы (Борду) деген сайдың орта тұсындағы төбеге көмілген», - дейді (Солтоноев, 1993:11).

М.Ж. Көпеев «Кенесары көтерілісінің басталуы» мақаласында оның қырғыздарға барған себебін, Кенесары жорығының төрт деректі нұсқасын береді. Қырғыздармен соңғы соғысында Кенесарының ту тіккен жері – Кекілік сеңгірінен бес шақырымдай жоғары Майтөбе деген жер екен. Майтөбені қырғыздар ежелден «Қанды жер» деп айтсады екен (Жүсіп, 2009:172). М.Ж. Көпеевтің пікірінше өлтірген жендеттерді қасиетті ханның қарғысы атты. Ел мен жерді қорғауға ат салысатын, әрқашанда ханның қасынан табылатын батырлар емес пе?! 1838 жылдың маусым айында көкжал туған Кенесарының батырлары: шұбыртпалы Ағыбай, сүйіндік Жанайдар, қыпшақ Иман, Басығара, арғын Жеке батыр, табын Жоламан, дулат пен шапырашты Жәуке, Сұраншы, байсейіт Бұғыбай, атығай Аңғал және басқалары Ақмола бекінісін атпен шауып отаршылар қамалын отқа ораған (Бәкірұлы, 2012:9). Олар туралы жазылған «Қазақтың хас батырлары» ғылыми-танымдық энциклопедиялық жинақ, «Жетісу», «Қазақстан жолы», «Қазақстан теміржолы», «Қазақ тарихы», «ҚСССР ҒА хабарлары» сияқты мерзімді басылымдарды т.б. еңбектерді атап өтсе болады.

Бішкекте «Асаба» партиясының ұйғаруымен (ұлт-азаттық көтерілістің 80 жылдығына, «Манас» эпосының 1000 жылдығына арналған) 1996 жылы «Восстание киргизов и казахов в 1916 году» атты кітап шығады. Кітапта Т. Рысқұловтың «Восстание туземцев Туркестана в 1916 году»; Г.И. Бройдоның «Материалы к истории восстания киргизов в 1919 году» атты еңбектер жазылған. Т. Рысқұловтың мәліметі бойынша: қырғыздың байлары мен манаптары өздеріне малдың ең үлкен және жақсы табынын, қауымдық-рулық жердің ең құнарлысын, тәуірлеу жайылымдарын иемденіп алу мақсатында орыс әкімшілігіне қырғыз бұқарасын қанауға жағдай туғызып отырған және сол бай-манаптардан құралған қырғыз әкімшілігімен (болыс, старшин және билер) байланыс жасап отыру үшін қырғыз халқының ең кедейленген тобына өз үстемдігін жүргізіп отырды. Кедейленген және орта топтары «қара бұқара» деп аталды. Г.И. Бройдо «Жетісу облысының қырғыздарын екі тайпа: қарақырғыздар және казактар құрайды. Алғашқылары Шу өзенінің сол жағында, екіншісі – оң жағында тұрады. Тайпалар руларға бөлінеді. Қарақырғыздардың ең бастылары: бөгу, солту, сарыбағыш, джатак және т.б. Бұл рулардың басшылары қарақырғыздарда – «Манап»,

ал қазақтарда – «сұлтан». «Манап» атағы мұрагерлік болып табылады. Өлкені өзіне бағындырып алғаннан кейін өлкедегі биліктің жүргізетін іс-шараларының бәрі осы манаптардың қолынан өтетін. Болыста әкімшілікке бөлуге байланысты манаптың атқаратын қызметі өзгере бастады. Алғашында болыс румен сәйкес болды. Кейінгі әкімшілікке бөлу руға бөлуге қайшы келді. Болыстық жаңаша бөлу кезінде екі рудың бөлімдерін бір әкімшілік бірлікке жасанды түрде енгізді. Мұның өзі болыстағы ұшы-қиыры жоқ ішкі күреске жол ашты», - дейді (Рысқұлов, 1996:75, 89)

XX ғасыр басында қазіргі Қырғызстан, Түркменстан, Тәжікстан, Өзбекстан және Қазақстанның Қызылорда, Шымкент, Жамбыл, Алматы облыстары Түркістан республикасына қараған еді. Түркістан республикасының астанасы – Ташкент болатын. Қазақтың алғашқы ағартушылық институты тұңғыш рет осы Ташкентте шаңырақ көтерген еді. Республикадағы осы білім ордасының шәкірттерді қабылдап, педагогтық-ұйымдастырушылық жұмысы дұрыс жолға қойылып, аяғынан тік тұрып кетуіне қазақ халқының сол тұстағы біртуар ұлдарының – С. Асфендияров, О. Жандосов, Х. Досмұхамедов, А. Байтұрсынов, Т. Жүргенов т.б. қоғам қайраткерлері мен зиялыларының атқарған еңбегі мен қосқан үлесі орасан зор.

Сондай-ақ, XX ғасырдың басында жазылған М. Дулатовтың «Қазақ қалай қырғыз атанған», Е. Бекмахановтың «Казахстан в 20-40 годы XIX века», Х. Досмұхамедұлының «Қазақ-қырғыз тіліндегі сингармонизм заңы» т.б. еңбектерді ерекше атап өтсе болады. Х. Досмұхамедовтің айту бойынша: сингармонизм – түрік тілінің айрықша өзіне біткен қасиеті. Түрік тілдерінің көбі /Стамбол түріктері, қазақ-ноғай, сарт, өзбек т.б./ түрік емес халықтардың сөзін алғандықтан, жат жұрттарға көп араласқандықтан, осы айрықша қасиеттен айрылып қалып отыр. Осы күндерде қазақ-қырғыз секілді шет жұрттармен жарысып араласпай, нағыз түріктікті сақтаған елдердің тілдерінде ғана сингармонизм заңы өзгерместен қалып отыр. Қазақ-қырғыз тіліндегі жалғаулардың жалғасқан түбірімен ұйқасып, әндесіп сөйленетіндігі анық. Қазақ-қырғыз тілінде сингармонизм заңымен байланысқан заңдылық бар (Досмұхамедұлы, 1924:2,4,20). М. Дулатов қазақтың қалай қырғыз атанғанын былай түсіндіреді: «Орыстың ұғымында «қырғыз» деген сөздің өзі «жау, шабағыншыл» мағынасында орнап қалған. Ал, қырғыздан кейін әрі көп, әрі орысқа бағынбай өз алдына отырған... қазақты да қырғыздай жек көріп, сөгіс орнына қырғыз (киргиз) деп атаған. Одан басқа тағы бір себебі болған. Алғаш Сібірді мекен еткен орыстар, Сібірді алушының бастығы Ермак, оған ергендері, оның тұқымы – бәрі қазақ еді. Сондықтан, оларға өздерін де қазақ, қазақты да қазақ деу қапелімде ыңғайсыздық келтіретін болған. Үнемі «қай қазақ» деп айырып отыру қажет бола берген. Міне, сонан бері қазақты қырғызбен шатастыру, қырғызды да, қазақты да қырғыз деп атау басталды» (Дулатов, 1923: 3).

XX ғасырдың басындағы ресми емес қазақ мерзімді баспасөзінің қалыптасуы да жалпы азаттық қозғалыспен тығыз байланысты. Ә. Бөкейханов пен оның серіктестері (1905 жылдан 1917 жылдың жазына дейін) ең алдымен халқымызды саяси тұрғыдан ояту және сол арқылы қалың бұқара арасында отаршылдыққа қарсы хал-ахуал қалыптастыруға көп күш салды. М. Дулатовтың «Оян, қазақ» (1909 ж.), А. Байтұрсыновтың «Масасы» (1911), 1911 және 1913 жылдардан шыға бастаған «Айқап» журналы мен «Қазақ» газеті, 1917 жылы шілдеде қазақтың тұңғыш ұлттық-демократиялық «Алаш» партиясының құрылуы отаршылдыққа қарсы саяси күрестің жарқын көрінісі болды. Осы бағыттағы күрестің басты мақсат-міндеттері «Қазақ» газетінің 1917 жылғы 21-қарашадағы санында жарияланған «Алаш» партиясыбағдарламасының жобасында» айқындалды (Нұрпейісов, 2006:59). Түркістан мен Қырғызстан халқының қырғыздар тұратын жағындағы буржуазиялық-ұлттық либералдық интеллигенцияның алдыңғы қатарлы неғұрлым білімді топтары Ә. Бөкейханов, М. Дулатов, А. Байтұрсынов, М. Шоқай және т.б. басқарып отырған «Айқап» немесе «Қазақ» және т.б. сияқты сол кезде жарияланып тұрған бірқатар газет-журналдардың төңірегіне біріккен болатын. Алғашында бұл алдыңғы қатарлы интеллигенцияның басшылары конституциялық-демократиялық (кадеттік) партияның қатарында болған. Кейіннен қырғыздар арасындағы бұл ұлттық интеллигенция февраль революциясы кезінде ұлттық-саяси дамуды және саналы ұлттық сезімді оятуды көздеген «Алаш» ұлттық-саяси ұйымына айналды (Рысқұлов, 1996:78.) «Қазақ» газеті жаңа құрылған «Алаш» партиясының орталық баспа үніне айналды (Қойгелдиев, 1990: 10).

Осылай XX ғасыр басында өрбіген азаттық қозғалыс барысында қазақ және қырғыз ұлттық саяси элита өкілдері арасында өзара тығыз байланыс орнады. Мысалы, Екінші Мемлекеттік думаға қазақ-қырғыз атынан М. Тынышбаев депутат болып сайланды (Махаева, 2007:325). 1913 жылдың ақпанында Орынбор қаласында Алаш қозғалысының қайраткерлері А. Байтұрсынов, Ә. Бөкейханов және М. Дулатовтың жетекшілік етуімен жарық көріп, қазақ халқының сол тұстағы жалпыұлттық мәселелерін көтерген «Қазақ» газеті қырғыздар арасында да танымал басылымға айналды. 1914 жылғы № 58 «Қазақ» газетіндегі мәлімет бойынша: «Он шақты облыста бөлініп, бытырап жүрген қазақ баласының бір көп жері Жетісу облысы деп айтуға болады. Жетісу облысындағы бес уезд: Алматы, Қапал, Лепсі, Жаркент, Пішкек және Піржевалда бір миллиондай қырғыз-қазақ бар. Піржевал уезіне қараған 20-дан аса болыс елдің бәрі де қырғыз. Пішкек уезіне қараған 25 болыс шамалы елдің жартысы қырғыз, жартысы қазақ».

«Қазақ» газетінде М. Тынышбаев Уақытша үкіметтің комиссары қызметінде жүріп Жетісу трагедиясының ауқымын, оның бүкіл халықтық мәнін көрсететін мақалалар мен түрлі хабарларды үзбей жариялап тұрады. Бұл материалдардың кезінде қырғыз бен қазақ босқындары мәселесіне барлық қазақ қоғамының, әсіресе ұлт зиялыларының назарын аударуда атқарған рөлі аса үлкен еді. Ол: «Алаштың азаматы! Тағы да құлақтарыңызға саламыз: қырғыз-қазақ бауырларыңызды ұмытпа!» деп жазған болатын (Қазақ, 1917).

1916 жылғы жазалаудан қашып босқан, жоқтық пен аштықтан қырылған қазақ-қырғыз халықтарына Міржақып Дулатов та жанын сала көмектеседі. Петропавл қаласында ол босқындарға көмектесу үшін жәрдем қорын ұйымдастырады. «Бұл бейшара бауырларымызды ескеру, өлімнен, қырғыннан құтқару – алаш азаматының адамшылық борышы», - деп жаза отырып, ол іске өзі бас болады. «Сондықтан сақтаулы мың дана «Оян, қазақ» ақшасын әлгі босқында жүрген жетім-жесірлердің пайдасына бағыштадым», - жазуы соның дәлелі. 1905 жылғы орыс революциясынан қуат алған М. Дулатовтың философиялық, публицистикалық мәнердегі азаматтық өлеңдері қазақ жастарын революциялық рухта тәрбиелеудің шын мәніндегі таптырмас мектебі болды. С. Сейфуллин, М. Жұмабаев, Б. Майлин, М. Әуезов, С. Мұқанов т.б. сияқты жаңа толқын осы идея нәрінен өсті. Міржақып дәстүрінің жасампаз тағлымы кеңес дәуіріндегі осы жаңа толқын шығармаларынан да көрінеді. М. Дулатов дәстүрінің қазақ әдебиеті шеңберінен де асып татар, өзбек, қырғыз, башқұрт әдебиеттерінің классиктері Г. Ибрагимов, Фитрат, Молда Қылыш, Ишанғали Арабаев, С. Құдаш творчествосына да әсер еткендігін атап кету үлкен парызымыз болып табылады», - дейді Марат Әбсеметов кітапқа түсініктер бергенде (Дулатов, 1923: 361). «Қазақ» газетін насихаттауға және оны шығаруға деп қаржы жинастыру ісіне Сталиндік жазалаудың құрбаны болған И. Арабаев та белсене араласты. И. Арабаев (1870-1933) – тұңғыш қырғыз әліппесінің авторы, ағартушы ғалым. Ол Уфадағы «Ғалия» медресесінде қазақ әдебиеті классиктері М. Жұмабаев, Б. Майлин сияқты бір топ қазақ жастарымен бірге оқыған. Пржевальск уездік қырғыз комитетінің төрағасы болған. А. Байтұрсыновпен тығыз байланыс орнатқан ол оның ықпалымен «Қазақ» газеті авторларының біріне айналып, газетке «Қырғыз» деген бүркеншік атпен мақалалар жариялап тұрды. Осылай босқын қырғыздарға көмек ұйымдастыру барысында елеулі оқиға болған фактілердің бірі – «Қазақ» газеті бетінде И. Арабаевтың қазақ еліне үндеуінің жариялануы еді.

Жалпы, Алаш Республикасы бір қазақтың емес, қазақ пен қырғыздың біртуар мемлекеті болып құрылды. Мысалға, Н.Ч. деген автор Орынбор қазақ әскерінің «Оренбургский казачий вестник» газетінде (10.01.1918 г., № 7) жариялаған «Автономия Казакыстана» атты мақаласында былай деп жазады: «Қазақтар қайсақ және қара-қырғыз болып бөлінеді, бірақ «Алаш» атауы оларды бір ұлтқа біріктіреді (біздің «Қасиетті Русь» сияқты). Бұл сөз сондай-ақ бүкіл қазақты жаудан қорғауға шақыратын қасиетті үндеу болып табылады» («Алаш» қозғалысы, 2017:16). «Алаш» – «Қазақстан» дегенмен салыстырғанда қазақтардың өзімен қатар, оған туыс қара-қырғызды да қамтитын әлдеқайда кең түсінік, - деп жазды Мұстафа Шоқай.

М. Қойгелдиевтің «Алаш қозғалысына» арнайы қалам тартқан кітабында былай делінген: «1917 жылы 21-26 шілде күндері Орынбор қаласында I жалпықазақ съезі өтеді. Съезде Жетісу облысындағы жағдай дербес мәселе ретінде қаралып, съезд, біріншіден, соғыс және ішкі істер министрлігіне жеделхат жолдап: Жетісудағы қазақ-қырғызды атып, жаншып жатқан мұжықтардың һәм соғыстан қайтқан солдаттың

колынан қару-жарағын сыпырып алып, халықты зорлықтан қорғауларын талап етеді. Сондай-ақ съезд, екіншіден, «Жетісу облысындағы ашаршылықтан қырылып жатқан қазақ-қырғыздарға Алаш баласы жәрдем беруін» өтінеді (Қойгелдиев, 2008:372, 445)... Түркістан автономиясын жариялаған мұсылмандар съезінен соң көп ұзамай Орынбор қаласында ІІ жалпықазақ съезі өз жұмысын бастады. Оған Сырдария және Жетісу облыстарынан да өкілдер шақырылып, олардың арасында М. Шоқай, С. Аманжолов, Б. Мәмбетов, И. Арабаев, Ж. Солтоноев сияқты және басқа қазақ, қырғыз қайраткерлері бар еді.

Демек «Тарыдай шашылып, түрлі тарихи құбылыстың салдарынан Ресей империясының отарлығына тап болған түркі халықтарын (қазақ, қырғыз, қарақалпақ, татар, башқұрт және т.б.) біріктіріп, біріккен түркі мемлекетін, Тұран империясын қайта құру Алаш идеясының, Алаш республикасының көздеген түпкілікті мақсаты болып шығады. Кейін келе бұл мақсатты М. Шоқай Францияда эмиграцияда жүріп «Ұлы Түркістан» идеясы ретінде насихаттады. «Алаш» қозғалысы мен Алаш республикасы басшыларының осындай мақсат-мүддені көздегенін басқа да тарихи жәдігерлер растайды» делінген «Алаш» қозғалысы: тарих және қазіргі заман: библиографиялық көрсеткіштің алғы сөзінде («Алаш» қозғалысы, 2017:18).

Бүгінгі қазақ-қырғыз диаспорасына қатысты еңбектерді атап өтсек: К.И. Қобландин «Об этнографическом составе казахов Кыргызстана», Б.К. Қалшабаева «Орталық Азия қазақтары», З. Қабылдинов «Қырғыздар» т.б. З. Қабылдиновтың мәліметі бойынша: Абылай ханның билігі тұсында Көкшетау өлкесіне екі қырғыз болысы қоныс аударды. 1926 жылғы санақ бойынша Қазақстанда 10 мыңға таяу қырғыз болған. Олар негізінен Оңтүстік Қазақстанды мекен еткен. Қазақстандық қырғыздардың жартысы дерлік Жамбыл облысында тұрады (Қабылдинов, 2008:91-92). Б.К. Қалшабаева Қырғызстандағы қазақтардың этномәдени ерешелгіне тоқталады. Оның мәліметі бойынша, қазақтардың қырғыз халқымен еншілес орналасып, ежелден келе жатқан ата қонысын мекен етсе (Шу, Талас), енді бір тобы халқымыздың басқа түскен тарихи зобалаңдермен байланысты қоныс тепкен. Арғындардың қаракесек руының көпшілігі Қырғызстанға ашаршылық кезеңінде келген.

Қорытынды. Осы зерттеулердің бірқатары қазіргі кезеңде қазақ-қырғыз қарым-қатынасының бүкіл кешенін зерттеу, оның ғылыми маңыздылығын, өзектілігін растайды. Қазақ-қырғыз қарым-қатынастары тарихнамасының қалыптасуы маңызды мәселе болып табылады, себебі тарихтан белгілі Орта Азия халықтарының тарихнамасының өзекті мәселелері бір-бірімен өзара тығыз байланысты, сондықтан бауырлас қырғыз бен қазақты бір-бірінен бөлек зерттеу мүмкін емес екені түсінікті де.

Әдебиеттер тізімі

Абрамзон. Киргизы и их этногенетические и историко-культурные связи. Л.: Наука, 1971.

«Алаш» қозғалысы: тарих және қазіргі заман: библиографиялық көрсеткіш. Алматы: «ҚР Ұлттық кітапханасы», 2017. Б. 367.

Алекторов А.Е. Указатель книг, журнальных и газетных статей и заметок о киргизах. Казань, 1900.

Алымбеков Т. Кыргыз урууларының чыгышы // ҚырҰҒАҚҚ. Инв. № 364 (10). 28 п. Алымкулова С.К. Кыпчаки в составе тюркских народов (этнополитические аспекты). 07.00.07. Автореф.на соиск.учен.степ. д.и.н. Бишкек, 2014. 43 с.

Альчикенов Е.С. «ХУ-ХҮІ ғасырдағы қырғыз-қазақ халықтарының арасындағы саяси және этникалық байланыстар» // <https://bankreferatov.kz/kazakhstan-tarihi/1399-15-16-asirlardai-aza-iriz-arim-atinasi.h>.

Ақаев А. Қырғыз мемлекеттілігі және «Манас» халық эпосы. Астана, 2003. Б. 304.

Андреев И.Г. Описание Средней орды киргиз-кайсаков / Фонд Сорос-Казахстан: Составление, транскрипция скорописи XVIII в., специальное редактирование текста и комментарии И.В. Ерофеевой. Алматы: Ғылым, 1998. 280 с.

Арғынбаев Х., Мұқанов М., Востров В. Қазақ шежіресі хақында. Алматы: Атамұра, 2000. 464 б.

Аристов Н.А. Опыт выяснения этнического состава киргиз-казаков большой орды и кара-киргизов на основании родословных сказаний и сведений о существующих родовых делениях и о родовых тамгах, а также исторических данных и начинающихся

- антропологических исследованиях // Живая старина. СПб., 1894. Вып. III–IV. С. 391–486;
 Артықбаев Ж.О. Қазақстан тарихы. Астана: «Фолиат», 2003. 264 б.;
- Асеев А.А. Кенесары Қасымов и киргизы // Востокведные исследования на Алтае. Вып. III. Сбор научн. статей. Барнаул: Изд-во Азбука, 2002. 282 с.
- Аяған Б.Ғ., Әбжанов Х.М., Исин А.И. Қазақ хандығы тарихы: құрылуы, өрлеуі, құлдырауы. Алматы: Сөздік-Словарь, 2011. Б. 320.
- Әбілғазы. Түрік шежіресі. Алматы: «Ана тілі», 1992. 210 б.;
- Бекмаханов Е. Казахстан в 20-40 годы XIX века. Алма-Ата: Ғылым, 1992. Б. 400.
- Бекмаханова Н.Е. Многонациональное население Казахстана и Киргизии в эпоху капитализма (60-годы XIX в.– 1917 г.). Москва: Наука, 1986. С. 246.
- Вельяминов-Зернов В.В. Исторические известия о киргиз-кайсаках и сношениях России с Средней Азией со времени кончины Абул-Хайр хана (1748-1765 г.). Т. 1-2 / Соч. В.В. Вельяминова-Зернова. Уфа : губ. тип., 1853-1855.
- Вестник Западно-Казахского гос. ун-та. Научный журнал. 2007. № 4. С. 34,40.
- Восстание киргизов и казахов в 1916 году. Бишкек: «Изд-во Учкун», 1996.
- Гродеков Н. Киргизы и кара-киргизы Сыр-Дарьинской области. Т. 1. Ташкент: Типо-лит. Лахтина, 1889. IV+III+398+205 с.
- Дайрабай Т. Кенесары ханды дін өкідері қолдаған // Базар жырау. 2013. №3 (7). Наурыз. Б. 60-62.
- Досмұхамедұлы Х. Қазақ-қырғыз тіліндегі сингармонизм заңы. Ташкент, 1924.
- Дулатов М. Қазақ қалай қырғыз атанған // Шолпан. 1923. № 3-5.
- Есенберлин І. «Аңыз адам» 2011 ж. № 21 (33) қараша.
- Жиренчин А.М. Из истории казахской книги. Алма-Ата: Казахстан, 1987. С.144.
- Жұлдыз. 1991. № 6 маусым.
- Кабульдинов З.Е. Боевые традиции саков, тюрков, кыпчаков и казахов // Қазақ мемлекеттілігінің құрылуы мен Қазақстанның даму тарихының өзекті мәселелері. Сарапшы пікірлерінің материалдары. Астана: Есиль-издат, 2013. Б.583.
- Кабульдинов З.Е. Народ Казахстана: история и современность. Астана: Изд-во «Арман-ПВ», 2008. С.200.
- Кастанье И.А. Древности Киргизской степи Оренбургского края / Труды Оренбургской учёной архивной комиссии. Вып. 22. Оренбург, 1910.
- Кебекова Б. Кыргыз, казак акындарының чыгармачылық байланышы. Фрунзе, 1985. 236.
- Кенесары хан (қайғылы шейіт болғанына 170 жыл толуына арналған жинақ). Алматы, 2017. Б. 408.
- «Кенесары – хан және қолбасшы: мәселелер мен ізденістер. Мақалалар жинағы. Астана, 2015. Б.124.
- Костенко Л. Очерки Семиреченского края, СПб., 1872.
- Көпеев М. Кенесары көтерілісінің басталуы // Жұлдыз. 2009. № 11. Б. 168-176.
- Кылдыроглу М. Этнополитические связи киргизов и кипчаков во 2 половине IX–XVI вв. Автореф. Бишкек, 2002.
- «Қазақ» газеті. 1917 ж. № 37. 24 маусым; 1914 ж. № 58. 16 апрель.
- Қалшабаева Б.К. Қырғызстандағы қазақтардың этномәдени ерекшеліктері // Орталық Азиядағы қазақтар. Алматы: Қазақ ұлттық университеті, 2011. Б. 406.
- Қалыбаев Н. http://www.elarna.net/kitap_kk.php?id=2319&oku=13780#ixzz6dRj1Fz7A
- «عَامِيَا رَهْدَنِي كَسْهَلْكَ ان رَا لِه» <http://www.elarna.com/video.php>.
- Қасымбаев Ж. Кенесары хан // Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. Т.4. Ж-К. Алматы, 1993.
- Қобландин К.И. Об этнографическом составе казахов Кыргызстана // Қазақстан және шетелдегі қазақтар. Дүниежүзі қазақтары қауымдастығының құрылғанына 20 жыл толуына орай өткізілген халықаралық ғылыми-практикалық конф. материалдары. Алматы: Дүниежүзі қазақтар қауымдастығы, 2012. Б.376.
- Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. I том. Алматы: Мектеп, 2008. Б. 480.
- Қойгелдиев М. Тарих көшіндегі ұлы бетбұрыс (Ұлы қазан революциясының 73 жылдығына). Алматы: «Қазақ ССР «Білім» қоғамы, 1990.
- Қойгелдиев М. Жетісудағы Ресей билігі (XIX ғ. – 1917 ж.). Астана: Елорда, 2004. Б.216.
- Құдайбердіұлы Ш. Түрік, қырғыз-қазақ хәм хандар шежіресі. Алматы: «Қазақстан», Сана, 1991. 80 б.

- Қырғыз ССР тарихы. 1-том.Фрунзе., 1984. Б.448.
- Левшин А. Описание киргиз-кайсацких, или киргиз-казацких орд и степей. Ч. III. Этнографические известия. СПб.: Тип. Карла Крайя, 1832. 304 с.
- Марғұлан Ә. Шоқан және «Манас». Алматы: Жазушы, 1971. Б.64.
- Махаева А. Қазақ хандығы және қырғыздар: өзара байланыстарының тарихынан // Отан тарихы. 2015. № 1 (69). Б.18.
- Махаева А. Қазақ-қырғыз саяси байланыстарының тарихы (XVIII ғасырдың II жартысы – XX ғасырдың бас кезі). Монография. Алматы: Ценные бумаги, 2007. Б. 357.
- Мейер Л. Киргизская степь Оренбургского ведомства. СПб.: Тип. Э. Веймара и Ф. Персона, 1865. 288 с.
- Молдобаев И.Б. Манас – историко-культурный памятник кыргызов. Б. Кыргызстан, 1995. С. 312.
- Мұқанов С. Кенесары – Наурызбай туралы // Жұлдыз. 1991. № 6. Б. 146-163.
- Мұсабек Ғ. Кенесары мен Наурызбайдың қырғыз қолында қалуы // «Ақиқат» (ұлттық қоғамдық-саяси журнал). 2018. № 6 маусым.
- Небольсин П. Очерки Волжского низовья. СПб.: Тип. «Обществ. польза», 1852. 197 с.
- Небольсин П.И. Очерки торговли России с странами Средней Азии, Хивой, Бухарой и Коканом : (со стороны Оренбургской линии) / [соч.] СПб., 1856.
- Нұрпейіс К. Жетісулық алаш қайраткерлері // Қазақ тарихы. 2006. № 2. Б.59.
- Образцы народной литературы тюркских племен. 1885.
- Омарұлы Б. Қазақ-қырғыз қасыретнамасы (ғылыми зерттеу). Қызылорда: Нұр-Сәулет, 1998. Б.44.
- Рахимжанова С.Р. Қазақ кітабының тарихы (1945-1960). Алматы: ҚР Ұлттық кітапханасы, 2006. Б. 182.
- Сейфуллин С. Шығармалар. Т.6. Қазақ әдебиеті. Алматы: «ҚМКӘБ», 1964.
- Словцев И. Путевые записки, введенные во время поездки в Кокчетавский уезд, Акмолинской области в 1878 году. СПб., 1881.
- Солтоноев Б. Қызыл қырғыз тарихы. Бишкек: Учкун, 1993. 2-кітап. Б. 224.
- Тынышпаев М. История казахского народа. Алма-Ата: Қазақ университеті, 1993. 224 с.
- Үмбетаев М. Қазақ-қырғыз халық ақындары: оқу құралы. Алматы: Қазақ университеті, 2017. Б. 216.
- Харузин А. Киргизы Букеевской орды. (Антрополого-этнологический очерк). Вып. 1, 2. М.: Тип. А. Левенсон и К, 1889; 1891.
- Шаханов М. Манас: (елдік пен ерлік эпосы). Алматы, 1995. Б. 264.
- Шоқай М. Шығармаларының толық жинағы: он екі томдық. Алматы: Дайк Пресс, 2012. II том. Б. 203-204.

ىعامى رەدىكى سەكە ان رالە: <http://www.elarna.com/video.php>.

References

- Abramzon. Kirghiz and their ethnogenetic, historical and cultural ties. L.: Science, 1971. [in Russian].
- Abilgazy. Turik shezhiresi (Turkic genealogy). Almaty: «Ana tili», 1992. 210 b. [in Kazakh].
- Akaev A. Kyrgyz memlekettiligi zhane «Manas» halykeposy (Statehood of Kyrgyz and folk epos «Manas»). Astana, 2003. 304. [in Kazakh] // <https://bankreferatov.kz/kazakstan-tarihi/1399-15-16-asirlardai-aza-iriz-arim-atinasi.h>.
- «Alash» kozgalysy: tarih zhane kazirgi zaman: bibliografiyalyk korsetkish. («Alash» uprise: history and modernity: bibliographic index). Almaty: «KR Ultytkitaphanasu», 2017. 367 b. [in Kazakh].
- Alchikenov E.S. XV-XVI gasyrdagy kyrgyz-kazak halyktarynyn arasyndagy sayasi zhane etnikalyk bailanystar (Political and ethnic relations between the kyrgyz-kazakh peoples in the XV-XVI centuries). [in Kazakh].
- Alymbekov T. Kyrgyz uruularynyn chygysy (The appearance of Kyrgyz thieves) // KyrRUGAKK. Inv. № 364 (10). 28 p. [in Kazakh].
- Alymkulova S.K. Kypchaki v sostave tyurkskih narodov (etnopoliticheskie aspekty). (Kypchaks as part of the Turkic peoples (ethnographic aspects) .07.00.07. Avtoref. nasoisk. uchen. step. d.i.n. Bishkek, 2014. 43. [in Russian].
- Andreev I.G. Description of the Middle Horde of Kirghiz-Kaisaks / Soros Foundation-Kazakhstan; Compilation, transcription of cursive writing of the 18th century, special editing of

the text and comments by I.V. Erofeeva. Almaty: Gylym, 1998. 280 p. [in Russian].

Argynbaev H., Mukanov M., Vostrov V. Kazak shezhiresi hakynda (About kazakh genealogy). Almaty: Atamura, 2000. 464 b. [in Kazakh].

Aristov N.A. Opyt vyyasneniya etnicheskogo sostava kirgiz-kazakov Bolshoi ordyi kara-kirgizov na osnovanii rodoslovnih skazani i isvedenii o sushestvuyush i rodovyh deleniyah i o rodovyh tamgah, a takzhe istoricheskikh danykh i nachinayushihsy antropologicheskikh issledovaniyah // Zhivaya starina. (The experience of clarifying the ethnic composition of the Kyrgyz-Kazakhs of the large horde and the Kara-Kyrgyz on the basis of pedigree legends and information about existing clan divisions and clan symbols, as well as historical data and beginning anropological studies) // Living antiquity. SPb., 1894. V yp. III–IV. S. 391-486.

Artykbaev Zh.O. Kazakstan tarihy (History of Kazakhsan). Astana: «Foliat», 2003. 264 b. [in Kazakh].

Aseev A.A. Kenesary Kasymov i kirgizy (Kenesary Kasymov and Kyrgyz) // Vostokovednye issledovaniyana Altae. // Oriental studies reaserch in Altai.) V yp. III. Sbornauchn. statei. Barnaul: Izd-vo Azbuka, 2002. 282 . [in Russian].

Ayagan B.G., Abzhanov H.M., Isin A.I. Kazak handygy tarihy: kuryluy, orleui, kuldyrauy. (History of the Kazakh khanate: formation, development, decline). Almaty: Sozdik-Slovar, 2011. 320. [in Kazakh].

Bekmahanov E. Kazahstan v 20-40 gody XIX veka (Kasakhsan in the 20-40s of the XIX century). Alma-Ata: Gylym, 1992. 400. [in Russian].

Bekmahanova N.E. Mnogonacionalnoe naselenie Kazahstana i Kirgizii v epohu kapitalizma (60-gody XIX v.– 1917 g.) (The multinational population of Kazakhstan and Kyrgyzstan in the era of capitalism (60-years of XIX c.- 1917 y.). Moskva: Nauka, 1986. 246. [in Russian].

Castanier I.A. Antiquities of the Kyrgyz steppe and the Orenburg region / Proceedings of the Orenburg scientific archival commission. Issue 22. Orenburg, 1910. [in Russian].

Dairabai T. Kenesary handy din okideri koldagan // Bazar zhyrau (Khan's Kenesaries supported by religious figures) // Bazar zhyrau. 2013. №3 (7). Nauryz. B. 60-62. [in Kazakh].

Dosmuhameduly H. Kazak-kyrgyz tilindegi singarmonizm zany (Syngharmonic low in kazakh- kyrgyz language). Tashkent, 1924. [in Kazakh].

Dulatov M. Kazak kalai Kyrgyz atanran (How kazakh named Kyrgyz) // Sholpan. 1923. № 3-5. [in Kazakh].

Esenberlin I. «Ayzadam» (Legendary man.(literal translation) 2011 zh. № 21 (33) karasha.k. [in Kazakh].

Grodekov N. Kirgizyikara-kirgizy Syr-Darinskoi oblasti (Kyrgyz and kara-kyrgyz of the Syr-Darin region). T. 1. Tashkent: Tipo-lit. Lahtina, 1889. IV+III+398+205 s. [in Russian].

Haruzin A. Kirgizy Bukeevskoi ordy.(Antropologo-etnologicheski ocherk) (Kyrgyz from the Bukeev horde (Anthropological-ethnological feature article). Vyp.1, 2. M.: Tip. A. Levenson i K, 1889; 1891. [in Russian].

Kabuldinov Z.E. Boevye tradicii sakov, tyurkov, kypchakov i kazahov // Kazak memlekettiliginin kuryluy men Kazakstannyn damu tarihyryn ozekti maseleleri. Sarapshy pikirlerinin materialdary (Martial traditions of saks, turks, kipchaks and kazakhs) // Formation of kazakh statehood and topical issue of the development of Kazakhstan. Expert opinion materials. Astana: Esil-izdat, 2013. 583. [in Russian].

Kabuldinov Z.E. Narod Kazahstana: istoriya i sovremennost (People of Kazakhstan: history and modernity). Astana: Izd-vo «Arman-PV», 2008. 200. [in Russian].

«Kazak» gazetii (Newspaper «Kazak»). 1917 zh. № 37.24 mausym; 1914 zh. № 58.16 aprel. [in Kazakh].

Kalshabaeva B.K. Kyrgyzstandagy kazaktardyn etnomadeni erekshelekteri // Ortalyk Aziyadagy kazaktar (Ethno Cultural features of kazakhs in Kyrgyzstan) // Kazakhs in Central Asia. Almaty: Kazak ulattyk universiteti, 2011. 406. [in Kazakh].

Kalybaev N. http://www.elarna.net/kitap_kk.php?id=2319&oku=13780#ixzz6dRj1Fz7A
Kasymbaev Zh. Kenesaryhan // Kazakstan. Ulattyk enciklopediya // Kazakstan. National encyclopedia. T. 4. Zh-K. Almaty, 1993.) [in Kazakh].

Kebekova B. Kyrgyz, kazak akyndarynyn chygarmachylyk bailanyshy (Creative connection of kyrgyz and kazakh poets). Frunze, 1985. 236. [in Kyrgyz].

Kenesary – han zhane kolbasshy: maseleler men izdenister. Makalalar zhinagy (Kenesary - khan and commander: tasks and searches. Digest of articles). Astana, 2015. 124. [in Kazakh].

Kenesary han (kaigyly sheit bolganyna 170 zhyl toluyna arналган zhinak) (Kenesaryhan

- (collection for the 170th anniversary of the tragic martyr). Almaty, 2017. 408. [in Kazakh].
- Koblandin K.I. Ob etnograficheskom sostave kazahov Kyrgyzstana // Kazakstan zhane sheteldegi kazaktar. Duniezhuzi kazaktary kauymdastygynyn kurylganyna 20 zhyl toluyna orai otkizilgen halykaralyk gylymi-praktikalyk konf. Materialdary (About the ethnographic compositions of the kazakh of Kyrgystan) // Kazakhstan and kazakhs abroad. Materials for the international scientific and practical conference, held on the occasion of the 20th anniversary of the creation of the “World association of Kazakhs”. Almaty: Duniezhuzi kazaktar kauymdastygy, 2012. 376. [in Russian].
- Koigeldiev M. Alash kozgalysy. I tom (Alashuprise. I volume). Almaty: Mektep, 2008. 480. [in Kazakh].
- Koigeldiev M. Tarih koshindegi uly betburys (Uly kazan revolyuciyasynyn 73 zhyldygyna) (A great turning point in history 73rd anniversary of the great October revolution). Almaty: «Kazak SSR «Bilim» kogamy, 1990. [in Kazakh].
- Koigeldiev M. Zhetisudagy Reseibiligi (XIX ғ. – 1917 zh.) (Russian authorities in Zhetisu (XIX c. - 1917 y.) Astana: Elorda, 2004. 216. [in Kazakh].
- Kopeev M. Kenesary koterilisin bastaluy (The beginning of the Kenesary uprising) // Zhuldyz. 2009. № 11. B.168-176. [in Kazakh].
- Kostenko L. Essays on the Semirechensky Territory, St. Petersburg, 1872. [in Russian].
- Kudaiberdiuly Sh. Turik, kyrgyz-kazak ham handar shezhiresi (Turkic, kyrgyz-kazakh and khan genealogy). Almaty: «Kazakhstan», Sana, 1991. 80 b. [in Kazakh].
- Kyldyrogly M. Etnopoliticheskie svyazi kirgizov i kipchakov vo 2 polovine IX–XVI vv. (Ethnopolitical ties between kyrgyz and kazakh in the 2nd half of IX–XVI century). Avtoref. Bishkek, 2002. [in Russian].
- Kyrgyz SSR tarihy (Kyrgyz USSR history). 1-tom. Frunze., 1984. 448. [in Kyrgyz].
- Levshin A. Opisanie kirgiz-kaisackih, ili kirgiz-kazach ihord i stepei (Description Of the kyrgyz-kaisak or kyrgyz-kazakh hordes and steppes). Ch. III. Etnograficheskie izvestiya. SPb.: Tip. Karla Kraiya, 1832. 304 s. [in Russian].
- Mahaeva A. Kazak handygy zhane kyrgyzdar: ozara bailanystarynyn tarihy // Otan tarihy (Kazakh khanates and kyrgyz: from the history of interactions) // Homeland history. 2015. № 1 (69). 18. [in Kazakh].
- Mahaeva A. Kazak-kyrgyz sayasi bailanystarynyn tarihy (XVIII gasyrdyn II zhartysy – XX gasyrdyn bas kezi) (The history of the political connection of the kyrgyz-kazakhs (2nd half of the XVIII century - early XX century). Monografiya. Almaty: Cennye bumagi, 2007. 357. [in Kazakh].
- Margulan A. Shokan zhane «Manas» (Shokan and “Manas”). Almaty: Zhazushy, 1971. 164. [in Kazakh].
- Meier L. Kirgizskaya step Orenburgskogo vedomstva (Kyrgyz steppe of the Orenburg department). SPb.: Tip. E. Veimara i F. Persona, 1865. 288 s. [in Russian].
- Moldobaev I.B. Manas – istoriko-kulturnyi pamyatnik kyrgyzov (Manas – historical and cultural monument of the Kyrgyz). B. Kyrgyzstan, 1995. 312.
- Mukanov S. Kenesary – Nauryzbait uraly (Kenesary – about Nauryzbai) // Zhuldyz. 1991. № 6. B.146-163. [in Kazakh].
- Musabek G. Kenesary men Nauryzbaidyn Kyrgyz kolynda kaluy (Kenesary and Nauryzbai remained in the hands of the Kyrgyz) // «Akikat» (ul'tytk kogamdyk-sayasi zhurnal). 2018. № 6 mausym. [in Kazakh].
- Nebolsin P. Ocherki Volzhskogonizovya (Feature article of the Volga lower reaches). SPb.: Tip. «Obshchestv.polza», 1852. 197 s. [in Russian].
- Nebolsin P.I. Essays on Russia's trade with the countries of Central Asia, Khiva, Bukhara and Kokan: (from the Orenburg line) / [cit.] SPb., 1856. [in Russian].
- Nurpeis K. Zhetisulyk alash kairatkerleri (Figures of alash from Zhetisu) // Kazakh history. 2006. № 2. 59. [in Kazakh].
- Obrazcy narodnoi literaturetyurkskih plemen (Samples of folk literature of the Turkic tribes). 1885. [in Russian].
- Omaruly B. Kazak-kyrgyz kasyretnamasy (gylymi zertteu) (Kazakh-kyrgyz tragedy (scientific research). Kyzylorda: Nur-Saulet, 1998. 44. [in Kazakh].
- Rahimzhanova S.R. Kazak kitabynyn tarihy (1945-1960) (History of kazakh book (1945-1960). Almaty: KR Ul'tytk kitaphanasy, 2006. 182. [in Kazakh].
- Seifullin S. Shygarmalar. T.6. Kazak adebieti (Works. T.6. Kazakh literature). Almaty: «KMKAB», 1964. [in Kazakh].

- Shahanov M. Manas: (eldik pen erlikeposy) (Manas: (epic about country and heroism). Almaty, 1995. 264. [in Kazakh].
- Shokai M. Shygarmalarynyn tolyk zhinagy: on eki tomdyk (Complete collection of works: 12 volumes.). Almaty: Daik Press, 2012. II tom. 203-204. [in Kazakh].
- Slotsev I. Travel notes introduced during a trip to Kokchetav district, Akmola region in 1878. SPb., 1881. [in Russian].
- Soltonoev B. Kyzyl kyrgyztarihy (History of the red kyrgyz). Bishkek: Uchkun, 1993. 2-kitap. 224.
- Tynyshpaev M. Istoriya kazahskogo naroda (History of the kazakh people). Alma-Ata: Kazakh university, 1993. 224p.
- Umbetaev M. Kazak-kyrgyz halyk akyndary: okukuraly (Kazakh- kyrgyz folk poets: reding tool). Almaty: Kazak universiteti, 2017. 216. [in Kazakh].
- Velyaminov-Zernov V.V. Historical news about the Kirghiz-Kaisaks and relations between Russia and Central Asia since the death of Abul-Khair Khan (1748-1765). T. 1-2 / Works. V.V. Velyaminov-Zernov. Ufa: lips. type., 1853-1855. [in Russian].
- Vestnik Zapadno-Kazahskogo gos. un-ta. Nauchnyi zhurnal. (Scientific magazine.) 2007. № 4. S. 34, 40.
- Vosstanie kirgizov i kazahov v 1916 godu (Uprising of kazakh and kyrgyz in 1916). Bishkek: «Izd-vo Uchkun», 1996.
- Zhirenchin A.M. Iz istorii kazahskoi knigi (From the history of the kazakh book). Alma-Ata: Kazakhstan, 1987. 144.
- Zhuldyz. 1991. № 6, mausym (Zhuldyz. 1991. № 6 june/). [in Kazakh].
- سۇغام ياردىنى كىسەك ئان رالە: <http://www.elarna.com/video.php>. [in Kazakh].

**МАЗМҰНЫ
СОДЕРЖАНИЕ
CONTENTS**

**ДЕРЕКТАНУ ЖӘНЕ ТАРИХНАМА
ИСТОЧНИКОВЕДЕНИЕ И ИСТОРИОГРАФИЯ
SOURCE STUDING AND HISTORIOGRAPHY**

Имангалиев А., Дүкенбаева З. ИБН ХАЛЛИКАН ЖӘНЕ АҚЖАН ӘЛ-МАШАНИДІҢ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ӘЛ-ФАРАБИ.....	5
Қамбарбекова Ғ.Ә. «ТАРИХ-И АББАСИ» («РУЗНАМА-ЙЕ МОЛЛА ЖӘЛАЛ») ШЫҒАРМАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНА ҚАТЫСТЫ ДЕРЕКТЕР.....	16
Байдильдина Феллан С.Х., Раджапов А.У. «БІРЛІК ТУЫ» – ТҮРКІСТАН ӨЛКЕСІ БОЙЫНША ҚҰНДЫ ТАРИХИ ДЕРЕККӨЗ РЕТІНДЕ.....	29
Карамендина М.Ө. ҚЫРҒЫЗ-ҚАЗАҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫНЫҢ ТАРИХНАМАСЫ.....	40

**ОРТА ҒАСЫРЛАР ТАРИХЫ
СРЕДНЕВЕКОВАЯ ИСТОРИЯ
MEDIEVAL HISTORY**

Атыгаев Н.А. КАЗАХСКОЕ ХАНСТВО И МОГУЛИСТАН В XV – НАЧАЛЕ XVI В.....	57
--	----

**ЖАҢА ЗАМАН ТАРИХЫ
НОВАЯ ИСТОРИЯ
NEW HISTORY**

Абдулина А.Т. К ПРАКТИКЕ МИССИОНЕРСКОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ РУССКОЙ ПРАВОСЛАВНОЙ ЦЕРКВИ В СЕМИРЕЧЬЕ.....	66
---	----

**КЕҢЕС ДӘУІРІ ТАРИХЫ
ИСТОРИЯ СОВЕТСКОГО ПЕРИОДА
SOVIET PERIOD HISTORY**

Бәкір Ә.Қ., Тайман С. МҰСТАФА ШОҚАЙ ТӘУЕЛСІЗ ҰЛТТЫҚ МЕМЛЕКЕТ ТУРАЛЫ.....	80
Санъязов Е. АЛАШ ҚАЙРАТКЕРЛЕРІНІҢ ЖЕР МӘСЕЛЕСІН РЕТТЕУДЕГІ ҚЫЗМЕТІ (СЕМЕЙ ӨҢІРІ МЫСАЛЫНДА).....	92
Көкебаева Г.К. КЕҢЕС-GERMAN МАЙДАНЫНДАҒЫ СОҒЫС ТҮТҚЫНДАРЫНЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ СТАТУСЫН АНЫҚТАУ МӘСЕЛЕСІ.....	101

Касымова Д.Б., Кудайбергеноулы Б.
 НЕКОТОРЫЕ АСПЕКТЫ ВОПРОСОВ ЯЗЫКОВОЙ
 ПОЛИТИКИ В ПОСЛЕВОЕННОЕ ВРЕМЯ И ПОЗИЦИЯ
 РУКОВОДСТВА КАЗАХСКОЙ ССР.....114

Аминов Т., Талгатбеков А.
 ЖУМАБАЙ ШАЯХМЕТОВ – ВЫДАЮЩИЙСЯ
 КАЗАХСКИЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ И ОБЩЕСТВЕННЫЙ ДЕЯТЕЛЬ.....127

Бекмагамбетов Р.К., Бекмагамбетова М.Ж.
 СОВЕТСКОЕ ДЕТСТВО КАЗАХСТАНА В 60-Е ГОДЫ XX ВЕКА
 (ПО МАТЕРИАЛАМ ГАЗЕТЫ «КАЗАХСТАНСКАЯ ПРАВДА»).....142

**Шашаев Ә.Қ., Зикирбаева В.С.,
 Мурзаходжаев Қ.М., Мрзабаева Р.Ж.**
 ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АЛҒАШҚЫ ҚОҒАМДЫҚ
 ҰЙЫМДАРДЫҢ АҒАРТУШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ.....157

**ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ
 ИСТОРИЯ НЕЗАВИСИМОГО КАЗАХСТАНА
 INDEPENDENT KAZAKHSTAN HISTORY**

Kassymova D., Litvin D.
 UKRAINIAN ETHNO-CULTURAL CENTERS IN ALMATY CITY AND
 ALMATINSKAYA OBLAST: CURRENT SITUATION AND CHALLENGES.....170

**ДҮНИЕЖҮЗІ ТАРИХЫ
 ВСЕМИРНАЯ ИСТОРИЯ
 HISTORY OF THE WORLD**

Каримова З.К., Меделбай А.А.
 ТҮРКІЯНЫҢ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ «ЖҰМСАҚ КҮШ»
 САЯСАТЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДЫҢ МЕХАНИЗМДЕРІ МЕН ӘДІСТЕРІ.....179

Ahmet Burçin Yereli, G. Мовкебаева, А.К. Toguzbayeva
 SOME PROBLEMATIC ASPECTS OF THE CUSTOMS
 AND LOGISTICS SPHERE OF THE EURASIAN ECONOMIC UNION.....188

Басуға 15.07.2021 қол қойылды
Шартты баспа табағы –12,5
Офсеттік басылым
Таралымы 150 дана.

Ш.Ш. Уәлиханов атындағы
Тарих және этнология институты, «Отан тарихы»
журналының редакциясында басылды